




«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛУДОМАНИЯ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР»

КАБИНЕТТІК ТАЛДАУ
МЕН САПАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ
НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА



«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛУДОМАНИЯ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР»

**КАБИНЕТТІК ТАЛДАУ МЕН САПАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
ӘДІСТЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА**



Осы талдамалық баяндама «Esbol Qory» қоғамдық қорының (Esirtkisiz Bolashaq) тапсырысы бойынша кабинеттік талдау, сарапшылық және тереңдетілген сұхбат әдістерін қолдана жүргізілген «Қазақстандағы лудомания феномені және оның дамуына ықпал ететін факторлар» әлеуметтанулық зерттеуінің нәтижесіне сүйеніп дайындалған. Ол Қазақстан азаматтарының өмірі мен болашағын жақсартуға бағытталған тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру үшін мемлекеттік органдарға, ғылыми және білім беру мекемелері мен барлық мүдделі тарапқа арналған.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫС	4
КІРІСПЕ	5
ЗЕРТТЕУ ДИЗАЙНЫ	6
КАБИНЕТТІК ТАЛДАУ	8
Лудомания мәселесінің ғылыми өлшемі	8
Лудоманияның таралу факторлары	10
Құмар ойындар нарығы	12
Әлеуметтік желілер лудоманияның таралу индикаторы ретінде	12
САРАПТАМАЛЫҚ СҰХБАТ	18
Негізгі тұжырымдар	18
Лудомания ұғымы, пайда болу себептері мен факторлары	18
Лудоманияның ауқымы мен таралуы	22
Құмар ойындар туралы хабардарлық пен оның таралуы	28
Лудоманияның таралу перспективалары	33
ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН СҰХБАТ	35
Портрет	35
Құмар ойындарға патологиялық әуестік	37
Тәуелділердің әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы	39
Ойын динамикасы	42
Заңсыз құмар ойындардың әсері	45
Болашақты түсіну	48
ҰСЫНЫМДАР	49

АЛҒЫС

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы он екі жыл бойы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсыным әзірлеу мақсатында ұлттық дамудың өзекті мәселелерін жүйелі түрде зерттеп келеді. Осы жұмыстың аясында «Esbol Qory» қоғамдық қорының (Esirtkisiz Bolashaq) тапсырысы бойынша Қазақстандағы лудомания феномені мен осы тәуелділіктің халық арасында таралуына ықпал ететін факторларға талдау жүргізілді.

Зерттеудің объективтілігі мен толықтығын қамтамасыз ету үшін лудомания мәселесіне қатысты түрлі салада жұмыс істейтін жетекші мамандармен консультацияны қамтитын сараптамалық қолдау ұйымдастырылды. Атап айтқанда, зерттеуге AiMar компаниясының сарапшылары, сондай-ақ психология, құқық, экономика және әлеуметтану салаларының мамандары қатысты. Зерттеу бірқатар жекеменшік орталық басшылығының сараптамалық қолдауының арқасында жүзеге асырылды:

- Баязитов Нұрсұлтан, «Soul Clinic» менталдық саулық клиникасының директоры.

- Курганова Дана, «Sober Road» оңалту және тәуелділікті емдеу орталығының директоры.

- Калиева Аймаң, «Komek Qoldau» ЖШС бағдарламалар директоры.

- Утенов Арман, «Луч» оңалту орталығының бас директоры.

Пәнаралық зерттеу жүргізуге ден қойған осындай топ оңалту және тәуелділіктің алдын алу саласындағы теориялық дайындықты және практикалық тәжірибені үйлестіре отырып, мәселені жан-жақты талдауға мұрсат берді. Әртүрлі кәсіби топтың қоян-қолтық ынтымақтасуы нәтижесінде дайындалған осы талдамалық баяндама сандық және сапалық көрсеткіштерді біріктіретін кешенді зерттеу болып отыр.

Баяндаманы дайындауға атсалысып, көмек көрсеткен барша адамға, білімі мен тәжірибесі талдауды сапалы жүргізуге және практикалық ұсыным әзірлеуге жол ашқан мамандарға шын жүректен зор алғысымызды білдіреміз.

Баяндамада көрсетілген тұжырымдар мен ұсынымдар құмар ойынға тәуелділік деңгейін төмендетуге бағытталған мемлекеттік шараларды жақсартуға ықпал етеді деп үміт етеміз.

Зерттеу нәтижелері денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және құқық тәртібі салаларындағы мемлекеттік бағдарламаларды дамытуға елеулі әсер етеді деп үміт етеміз. Ұсынылған бастамаларды енгізу тек лудоманияға қарсы күресті тиімді жүргізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, қоғамның да орнықты дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға жағдай жасай алады.

Құрметпен,
«Жастар» F3O ұжымы

КІРІСПЕ

Кейінгі отыз жылда тігістің небір түрін айтарлықтай қолжетімді еткен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты құмар ойын саласының айтарлықтай етек жайып кеткені байқалып отыр. 2020 жылғы пандемия кезіндегі әлеуметтік-экономикалық шектеулер мен дағдарыс жағдайында түрлі тәуелділік формасының, соның ішінде лудоманияның кеңінен таралып жатқаны ерекше байқалды.

Қазақстандағы лудомания мәселесін кешенді түрде талдау үшін «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының сарапшылары кабинеттік талдау жұмыстарын жүргізіп, осы мәселемен тікелей немесе жанама байланысты салаларда жұмыс істейтін мамандар арасында бірқатар сұхбат ұйымдастырды. Зерттеу аясында экономика, құқық, психология, әлеуметтану салаларындағы сарапшылармен, сондай-ақ оңалту орталықтарының басшыларымен 10 сұхбат өткізілді. Зерттеуде халықтың құмар ойынға әуестенуінің алдын алу мәселелеріне және лудоманияға қарсы күрестің тиімді стратегияларын әзірлеуге ерекше назар аударылды.

Лудоманияның ерекшеліктерін жіті түсіну үшін Қазақстан бойынша оңалтудан өткен я

өтіп жатқан 60 адаммен сұхбат жүргізілді. Бұл тәуелділіктің шынайы салдары мен оңалту тәжірибесі туралы эмпирикалық дерек жинауға мүрсат берді.

Лудоманияның таралуына ықпал ететін факторларды талдау тәуелділік саласындағы кейінгі теориялық және қолданбалы зерттеулердің негізі бола алады. Сонымен қатар бұл тәуелділіктің халық арасында таралуы қаупін азайтуға бағытталған стратегиялар мен шараларды әзірлеуге практикалық бағдар бола алады. Берілген ұсынымдар денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және құқық тәртібі салаларында жұмыс істейтін мемлекеттік органдарға, сондай-ақ тәуелділіктің алдын алу және оңалту мәселелерімен айналысып жүрген қоғамдық институттарға пайдалы болары хақ.

Зерттеу нәтижелері лудоманияның табиғаты мен ауқымын Қазақстанда ғана емес, халықаралық ғылыми-сараптамалық контексте де тереңірек түсінуге ықпал ете алады. Осы жиналған деректі тәуелділікке қарсы күрес кезінде және халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған қоғамдық және мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысында қолдануға болады.

ЗЕРТТЕУ ДИЗАЙНЫ

«Қазақстандағы лудомания феномені және оның дамуына ықпал ететін факторлар» әлеуметтанулық зерттеуі Қазақстандағы лудомания феноменін зерттеуге және оның халық арасында таралуына ықпал ететін негізгі факторларды анықтауға бағытталған.

Зерттеу міндеттері:

кабинеттік талдау негізінде:

- Қазақстандағы тенденцияларды бағалау үшін халықаралық дерекпен салыстырмалы талдау жүргізу;
- тәуелділіктің пайда болуына әсер ететін факторларды анықтау мақсатында әлеуметтік желілер дерегін талдау.

сараптамалық зерттеу негізінде

(арнайы сұхбаттар):

- лудоманияға қарсы күрес және оның алдын алу саласында жұмыс істейтін мамандардың соның пайда болуы себептері және осы құбылысқа қарсы күресудегі мемлекеттің ұстанымы туралы пікірін талдау;
- елдегі лудомандардың латенттік (жасырын) үлесін бағалау;
- лудоманияның қалыптасуына қатты әсер ететін құмар ойын түрлерін анықтау;
- «лудомания» ұғымының терминологиялық негіздерін қалыптастыруға талпыну.

тереңдетілген сұхбат негізінде:

- ойынға деген құмарлықты арттыратын факторлар мен жағдайларды анықтау;
- лудоманияның ойнағандардың өмірінің түрлі аспектісіне, соның ішінде отбасылық қарым-қатынасқа, мансапқа, қаржылық жағдайға және психикалық саулыққа тигізер әсерін бағалау;
- қатысушылардың өзінің мінез-құлқын басқару үшін қолданатын стратегияларын және тәуелділікке қарсы күрес әрекетін зерттеу;
- әлеуметтік желілер, маркетингтік компаниялар, сондай-ақ жақын ортаның (отбасы, достар, әріптестер) лудомандардың өміріне, сауығу процесіне немесе жағдайдың нашарлауына тигізер әсерін қарастыру.

Әдіснама:

• кабинеттік талдау

(қайталама ақпаратты өңдеу бойынша)

Осы зерттеуді жазу үшін лудомания мәселесіне қатысты халықаралық ғылыми еңбектер қолданылды. Сондай-ақ әлеуметтік желілерді талдау және жазбаларды жинау мен сұрыптауға арналған арнайы алгоритмдерді қолданатын AiMar компаниясының дерегі қарастырылды. Компания «ВКонтакте» және Instagram сияқты екі ірі әлеуметтік желідегі мәліметті ұсынды. Зерттеу барысында пайдаланушылардың құмар ойын, спорттық тігістер және лотереялар жайлы топтарға қатысу деңгейі зерделенді. Профильдер географиялық белгілер мен басқа да сипаттамалар негізінде жіктелді. Зерттеу букмекерлік кеңселер, спорттық болжамдар, лотереялар, казинолар және басқа да құмар ойын тақырыбына байланысты қауымдастықтарға жазылған аккаунттарды қамтыды.

• сараптамалық сұхбат

Зерттеу аясында экономика, құқық, психология, әлеуметтану салаларындағы сарапшылармен, сондай-ақ оңалту орталықтарының басшыларымен 10 тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Сұхбаттар зерттеудің міндеттеріне сәйкес дайындалған сценарий (гайд) бойынша өткізілді. Зерттеу құралнамасының құрылымына бағдарламалық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес логикалық блоктарға бөлінген сұрақтар жиынтығы кіреді. Сұхбат барысында деректерді талдауды жеңілдету үшін аудиожазба жүргізіліп, кейіннен ашып жазылды (транскрибация). Нәтижесінде аудиожазбалар ажыратылып, транскрипт жасалды.

• құмар ойынға/бас тігуге қатысқандар мен лудоманиядан зардап шеккен адамдар арасында сауалнама жүргізу.

Деректі жинау әдісі ретінде арнайы әзірленген гайд бойынша жүргізілген тереңдетілген жартылай құрылымдалған сұхбаттар қолданылды. Бұл ақпаратты жинау жүйелігін қамтамасыз етіп, информанттардың жеке тәжірибесін зерттеуде икемділікті сақтауға мүмкіндік берді. Сұхбаттар лудоманиядан зардап шеккен және жекеменшік оңалту орталықтарында емделіп жүрген немесе

емделген 60 адам арасында өткізілді: Астана (22 респондент), Алматы (30 респондент), Шымкент (5 респондент), Павлодар (3 респондент) қалалары. Деректер 2024 жылғы қараша мен желтоқсан айлары аралығында жиналды.

Зерттеу алаңына қолжетімділік жекеменшік оңалту орталықтары желісінің директоры қызметін атқаратын гейткипердің көмегімен ұйымдастырылды. Сұхбат жүргізу үшін ерікті түрде қатысу қағидаттарымен жұмыс істейтін ашық типтегі оңалту орталықтарына рұқсат алынды. Бұл мекемелерде пациенттер 12 қадамдық бағдарлама бойынша толық емдеу курсынан өтеді, оның ұзақтығы үштен сегіз айға дейін созылады. Бақылау нәтижесі көрсеткендей, орталықтар қарапайым жекеменшік үй түрінде қызмет етеді, олардың сыйымдылығы ауданына байланысты орта есеппен 10-нан 40 адамға дейін өзгеріп отырады. Мұндай мекемелерде бұрындары өзі де тәуелді болып қалған адамдар кеңесші я ерікті болып жұмыс істейді. Әр бөлмеде 6–8 адам тұрады. Айта кету керек,

оңалту орталықтарында әртүрлі тәуелділіктен зардап шеккен адамдар, соның ішінде нашарлық, алкоголизм, құмар ойынға тәуелділік және басқа да аддикциялар бір мезгілде емделеді. Информанттардың басым бөлігінде бірге жүретін тәуелділіктер байқалады, мысалы, алкогольдік, есірткілік, жыныстық немесе жұмысқа деген тәуелділік. Орталықтарда күн тәртібі қатаң реттелген: тамақтану және ұйықтау уақытына қоса, психологтармен жеке және топтық кездесулер, физикалық жаттығулар, рефлексия жасау (күнделік жазу), фильм көру, би, ән айту және «қалаға» шығу жоспарланған. Бағдарламаға қатысушылардың бәріне мобильді телефонды қолдануға шектеу қойылған.

Барлық сұхбат арнайы сервистердің көмегімен транскрибацияланып, кейін мәтіндер редакцияланды. Дерек талдауы Excel кестелерін пайдалана отырып, тақырыптық және концептуал кодтау арқылы жүргізілді. Бұл алынған ақпаратты жүйелеуге және негізгі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

КАБИНЕТТІК ТАЛДАУ

Лудомания мәселесінің ғылыми өлшемі

Бүгінде Қазақстанда лудомания мәселесінің ауқымы мен ерекшеліктеріне қатысты статистикалық және әлеуметтанулық деректің айтарлықтай жетіспеушілігі бары байқалады. Мұндай ақтаңдақ оған араласу мен алдын алудың тиімді стратегияларын әзірлеуді қиындатып жібереді. Сонымен бірге әлемдік деңгейде лудомания медицина, психология, әлеуметтану, нейробиология және фармакология сияқты ғылымның әртүрлі саласын қамтитын пәнаралық зерттеулер аясында белсенді түрде зерттеліп жүр. Scopus ғылыми-метрикалық базасының дерегіне сәйкес, «gambling addiction» тірек сөздерін сұрағанда 5 485 жарияланым көрсетіледі. Соның ішінде 3 379-ы медицина саласына, 2 278-і психологияға, 1 247-сі әлеуметтік ғылымдарға, 681-і нейробиологияға, 432-сі фармакологияға және басқа салаларға тиесілі.

Осы ретте Жаңа Зеландия¹, Швеция², Швейцария³, Аустралия⁴, АҚШ⁵ және Ұлыбритания⁶ секілді бірқатар елде халық арасындағы лудоманияны зерттеу үшін ұлттық репрезентатив сауалнамалар жүргізілген. Түрлі елде патологиялық және проблемалық ойыншылардың болжалды үлесі әртүрлі болып отыр. Швецияда бұл көрсеткіш –, сәйкесінше, 0,6% және 1,4%, Жаңа Зеландияда – 0,5% және 0,8%, ал Бразилияда – 1% және 1,3%. Швецияда жүргізілген зерттеулер проблемалық лудоманияның дамуына ықпал ететін негізгі факторларды анықтаған, олардың қатарына жыныс, жас және туған елі жатады. Сондай-ақ ойынға тәуелділіктің неке құрмаған адамдар мен ірі қала тұрғындары арасында жиірек пайда болатыны анықталған. Жаңа Зеландияда осы мәселеге ықпал ететін мүм-

кін боларлық факторлар ретінде жыныс, этностық тиесілік және жас болған. Осы контексте психология және әлеуметтану саласындағы зерттеу нәтижелеріне назар аударған жөн, себебі олар халықты құмар ойындарға тартатын факторлар мен уәжінің кең ауқымын көрсетеді. 2006 жылы Оңтүстік Кореяда лудомандардың мотивациясын факторлық және кластерлік талдау барысында құмар ойын мінез-құлқының төрт негізгі себебі анықталған: әлеуметтену/үйрену, сынақ/бәсекелестік, проблемалардан қашқақтау және ақша ұтып алуға ұмтылу. Осындай уәж лудоманияның пайда болуына ықпал ететін факторлардың күрделілігі мен көпқырлығын көрсетіп, алдын алу мен терапиялық стратегияларды әзірлеу үшін негіз бола алады⁷.

Лудоманияға жөніндегі экономикалық зерттеулердің көбі оның экономикалық әсерін бағалауға бағытталған. 2017 жылы Ұлыбританияда жүргізілген зерттеуге сәйкес, лудоманияның жалпы экономикалық шығыны 31 млрд фунт стерлингтен асып, елдің ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) шамамен 1,5%-ын құраған⁸. Сондай-ақ бірқатар зерттеудің нәтижесі жеке қаржы туралы білімнің жоғарылығы шығындар мен қатерді жақсы басқаруға ықпал ететінін, бұл, өз кезегінде, құмар ойындарға әуестікті және олардың зардабын азайтатынын көрсетеді⁹. Құмар ойын мәселелері көбінесе кедейлік, жұмыссыздық, тұрғын үй жағдайының тұрақсыздығы, баспанасыздық, төмен табыс деңгейі және қолайсыз аудандардағы өмір сүру сияқты әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен тығыз байланысты¹⁰. Экономикалық қиын жағдайдағы адамдар құмар ойынды өзінің қаржылық жағдайын тез жақсартудың тәсілі ретінде қабылдауы мүмкін, бұл олардың тәуелділі-

¹Abbott, Max W. Williams, Maynard M. Volberg, Rachel A. A Prospective Study of Problem and Regular Nonproblem Gamblers Living in the Community // <https://psycnet.apa.org/record/2004-15314-001>

²Rachel A. Volberg, Max W. Abbott, Sten Rönnerberg, Ingrid M. E. Munckand risks of pathological gambling in Sweden // <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/j.1600-0447.2001.00336.x>

³G Bondolfi 1, C Osiek, F Ferrero Prevalence estimates of pathological gambling in Switzerland <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/10868471/>

⁴Australia's gambling industries <https://www.pc.gov.au/inquiries/completed/gambling/report>

⁵J Welte 1, G Barnes, W Wiczorek, M C Tidwell, J Parker Alcohol and gambling pathology among U.S. adults: prevalence, demographic patterns and comorbidity, <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/11702810/>

⁶Kerry Sproston, Bob Erens, Jim Orford The future of gambling in Britain, <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC1119028/>

⁷Lee C. K., Lee Y., Bernhard B. J., Yoon Y. S. 2006. Segmenting Casino Gamblers by Motivation: A Cluster Analysis of Korean Gamblers. *Tourism Management*. 27: 856–866

⁸Pryce R., Walker I., and Wheeler R. How much of a problem is problem gambling? *Economics Working Paper Series*. 2017 https://www.lancaster.ac.uk/media/lancaster-university/content-assets/documents/lums/economics/working-papers/LancasterWP2017_011.pdf

⁹Somtip Watanapongvanich, Punjapol Binnagan, Pongpat Putthinun, Mostafa Saidur Rahim Khan, and Yoshihiko Kadoya. Financial literacy may reduce gambling frequency: Evidence

¹⁰Hahmann, T., Hamilton-Wright, S., Ziegler, C., & Matheson, F. I. (2020). Problem gambling within the context of poverty: a scoping review. *International Gambling Studies*, 21(2), 183–219. <https://doi.org/10.1080/14459795.2020.1819365>

гін одан әрі ушықтырып, үлкен мәселелерге алып келеді. Сондай-ақ лудомания мен қылмыс арасында айқын байланыс бар екені де байқалады. Ғалымдардың еңбегі құмар ойынға қолжетімділіктің артуы алаяқтық, ұрлық, жымқыру және басқа да құқық бұзушылық сияқты қылмыстардың көбеюіне алып келетінін көрсетеді. Лудомания көбінесе елеулі қаржылық шығындарға әкеліп, тәуелді адамдарды шығындарын өтеудің жолдарын, соның ішінде қылмыстық әрекеттер арқылы іздеуге итермелейді. Осындай факторлар лудоманияның өсуі қылмыстың өсуіне тікелей ықпал ететін тұйық шеңберді тудыратынын, ол, өз кезегінде, әлеуметтік проблемаларды күшейтіп, қоғамдық қауіпсіздікті нашарлататынын көрсетеді^{11,12}.

Медицина және әлеуметтік ғылымдар саласындағы бірқатар зерттеу лудоманияның есірткіге тәуелділік пен психикалық бұзылыс сияқты мінез-құлық девиацияларымен жиі қатар жүретінін көрсетеді. Атап айтқанда, зерттеулер лудомандар арасында психоактив заттарға тәуелді адамдардың жиі кездесетінін анықтады. 1990 жылдардың өзінде «ойынға патологиялық тәуелділік» концепциясы жасалған кезде осы тәуелділіктің алкогольге және есірткіге тәуелділікке ұқсастығы көрсетілген. Бұл тәуелділіктің қалыптасу механизмдерінің ортақ сипаты мен әртүрлі тәуелділік түрінің өзара байланысын атап көрсетеді¹³. Ғалымдар құмар ойынға әуестену сипаттамаларының психоактив заттарға тәуелділікпен ұқсастығын ерекше атап өтеді. Психоактив заттарды қолдануға байланысты бұзылыс тек симптоматикасы бойынша ғана емес, сонымен қатар бірге жүретін аурулар деңгейі бойынша да лудоманиямен көп ортақ сипатқа ие¹⁴. Мұндай ортақ факторлардың қатарына «генетикалық осалдықты», биологиялық маркерлерді және когнитив бұзылыстарды жатқызуға болады, бұл екі тәуелділіктің даму механизмдерінің ұқсас екенін көрсетеді. Сонымен қатар әртүрлі зерттеудің нәтижесі лудо-

мандарда алкогольді шамадан тыс қолдану қаупі 6 есе, ал психоактив заттарды қолдану қаупі 4,4 есе жоғары екенін анықтады¹⁵. Құмар ойын алкоголь, каннабис, галлюциногендер, опиоидтар, седативтер/ұйықтатқыштар/анксиолитиктер, стимуляторлар, темекі сияқты заттармен қатар ми нейротрансмиттерлерінің реттелуін бұзып, пациентке жағымды белсенділік әсерін қамтамасыз етеді¹⁶. Бұл ұқсастықтар тәуелді мінез-құлықтың биологиялық және психологиялық негіздерін зерттеудің жаңа перспективаларын ашып, тиімді емдеу әдістерін әзірлеуге көмектесуі мүмкін.

Лудоманның әлеуметтік портретін сипаттау барысында ғалымдар көбінесе психоактив заттарды қолданумен байланысты бұзылысқа шалдыққан адамдардың сипаттамаларымен параллель мен аналогия жүргізеді. Лудомандар есірткіге немесе алкогольге тәуелді адамдар сияқты мінез-құлықта ұқсас белгілерді көрсетеді. Мысалы, импульсив әрекеттерге бейімділік, өз іс-әрекеттерін бақылаудағы қиындықтар, сондай-ақ психоәлеуметтік проблемалардың болуы, атап айтқанда, стресс, мазасыздық немесе депрессия. Осындай ұқсастықтар құмар ойынға тәуелділік пен психоактив заттарға тәуелділіктің ортақ биопсихоәлеуметтік тамырлары болуы мүмкін деген гипотезаны растайды. Екі тәуелділік түрін емдеу мен алдын алу үшін ұқсас тәсілдерді қолдану мүмкіндігін ашады¹⁷. «De Jong Gierveld» (SLS) жалғыздық шкаласы бойынша жүргізілген зерттеулер жалғыздық пен психоактив заттарды қолданудың интернет-ойындарға тәуелділіктің жоғары деңгейімен тығыз байланысты екенін көрсетті¹⁸. Нәтижесінде, әлеуметтік оқшаулануды сезінетін немесе психоактив заттарға тәуелді адамдар ойынға тәуелділіктің дамуына бейім болуы мүмкін. Жалғыздық психоәлеуметтік фактор ретінде эмоциялық жетіспеушілікті өтейтін балама тәсілдерді, мысалы, құмар ойындар немесе интернет-ойындарды, іздеуге ықпал етеді. Бұл тәуелді мінез-құлық мәселесін одан әрі ушықтыруы мүмкін.

¹¹Sakurai Y., Smith R. G. Gambling as a Motivation for the Commission of Financial Crime //Trends & Issues in Crime & Criminal Justice. – 2003. – №. 256.

¹²Adolphe A. et al. Crime and gambling disorders: A systematic review //Journal of Gambling Studies. – 2019. – Т. 35. – №. 2. – С. 395-414.

¹³Rosenthal R.J. Pathological Gambling. *Psychiatric Annals*. 1992;22(2):72-78. doi:10.3928/0048-5713-19920201-09

¹⁴Petry NM, et al. An overview of and rationale for changes proposed for pathological gambling in DSM- 5. *J Gambl Stud* 2014;30(2):493- 502. // [<https://doi.org/10.1007/s10899-013- 9370-0>

¹⁵Hodgins, D. C., Stea, J. N., & Grant, J. E. (2011). Gambling disorders. *The Lancet*, 378(9806), 1874-1884

¹⁶Chen G., Adelman J. P. Misuse and addiction definitions, demographics, and general concepts //Substance Use and Addiction Research. – Academic Press, 2023. – С. 147-160. // <https://doi.org/10.1016/B978-0-323-98814-8.00013-5>

¹⁷Castrén S, Kontto J, Alho H, Salonen AH. The relationship between gambling expenditure, sociodemographics, health-related correlates and gambling behaviour—a cross-sectional population-based survey in Finland. *Addiction* 2018;113(1):91106. // [Электронный ресурс]. - URL: <https://doi.org/10.1111/add.13929>

¹⁸Konstantinov, V., Mynbayeva, A., Gritsenko, V., Stelmakh, S., Reznik, A., Porat, S. L. R., & Isralowitz, R. (2024). Gaming disorder among Russian and Kazakh university students. *Discover Global Society*, 2(1), 93.

Ойынға тәуелділіктің салдарына қатысты зерттеулер лудомандар арасында өз-өзіне қол жұмсау қаупінің айтарлықтай жоғары екенін растайды¹⁹. Лудомания тәуелді мінез-құлықтың бір түрі ретінде көбінесе терең психологиялық және әлеуметтік проблемалармен қатар жүреді. Мысалы, адамның психоэмоциялық жағдайының нашарлауына ықпал етуі мүмкін қаржылық шығындар, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың бұзылуы, стресс пен депрессия ретінде. Өз кезегінде, осы факторлар суицидтік ойлар мен әрекеттердің пайда болу ықтималдығын арттырады. Құмар ойынға тәуелді адамдар арасында суицидтік мінез-құлықтың, оның ішінде өз-өзіне қол жұмсау ойлары мен әрекеттерінің қаупі басқа әлеуметтік топтарға қарағанда жоғары²⁰. Осылайша, лудомания тек физикалық және психикалық саулыққа ұзақмерзімді жағымсыз әсерлер әкеліп қана қоймай, сонымен қатар тәуелді адамдардың өмірі мен әл-ауқатына елеулі қауіп төндіреді.

Лудомания көбінесе әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен қатар жүреді, оның ішінде қарыз деңгейінің жоғарылауы, борыштық жүктеменің артуы және адамдар арасындағы қарым-қатынастардың қиындауын қоса алғанда. Зерттеулер көрсеткендей, ойынға патологиялық тәуелділік отбасы ішіндегі хаос пен дисфункцияны тудырады, неке қатынастарын бұзып, қақтығыстардың туындауына қолайлы жағдай жасайды. Бұл ажырасулар деңгейінің өсуіне алып келеді, себебі құмар ойындарға тәуелді адамдар қаржылық қиындықтарды еңсере және жақындарымен тұрақты әрі салауатты қарым-қатынастарды сақтай алмайды, нәтижесінде бұл әлеуметтік және отбасылық құлдырауға әкеледі^{21,22,23}.

Жалпы, бүгінгі зерттеулер лудоманияның әлеуметтік-экономикалық, психологиялық, биологиялық және мәдени аспектілерді қамтитын көпқырлы және көпқабатты құбылыс екенін растап отыр. Бұл құбылыс тек бір ел аймақпен шектеліп қана қоймайды және оның көріністері қоғамның ерекшелігіне байланысты құбылып отырады. Халықаралық тәжірибеде байқалған жалпы үрдістерді ескере

отырып, осы зерттеулердің жалпыланған нәтижелері Қазақстан қоғамы үшін де өзекті болуы мүмкін деп болжауға болады.

Лудоманияның таралу факторлары

Қазақстанда лудомания мен бірқатар әлеуметтік-экономикалық фактор арасындағы корреляциялық талдауды жүргізу қиындығы тәуелділіктің зардабын көрген адамдар саны туралы сенімді статистикалық деректердің айтарлықтай тапшылығына байланысты. Кейде ақпараттық кеңістікте нақты зерттеулерсіз жарияланған деректер кездесіп жатады. Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған математикалық модельдеу нәтижелеріне сүйенсек, құмар ойынға тәуелділік мәселесін мойындайтын адамдардың санын шамамен 36 мың құрайды²⁴. Алайда осы сан тек шамамен алынған болуы мүмкін, себебі көптеген жағдай тәуелділіктің жасырын сипатына байланысты тіркелмей қалып жатады. Бұл мәселенің ауқымын дәл түсінуді және араласу әдістерін тиімді әзірлеуді қиындатып жібереді.

Сонымен бірге Қазақстанда басқа елдердегі сияқты экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы, әлеуметтік теңсіздік және құмар ойындардың қолжетімділігі сияқты факторлар лудоманияның таралуына ықпал етуі мүмкін. Сондай-ақ лудоманияның кең таралуы смартфондардың белсенді қолданылуымен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуымен және онлайн-тігістер, бәс тігу мен тотализатор алаңдары мен онлайн-казинолардың қолжетімділігінің артуымен байланысты болуы мүмкін. Осы өзгерістерді ескере отырып, лудоманияның кейінгі он жылдағы даму динамикасымен байланысты факторларды қарастырған маңызды.

Жұмыссыздық – адамдарды оңай табыс табу немесе стрестен уақытша жеңілдік іздеуде құмар ойындарға итермелейтін факторлардың бірі. Ал құмар ойындар, өз кезегінде, қаржылық жағдайды нашарлатып, психологиялық тұрақсыздыққа алып келіп, жұмыс іздеуді және өмірді жақсарту үдерісін одан әрі қиындатуы мүмкін. Мұндай тұй-

¹⁹<https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC3397475/>

²⁰Armoon B. et al. Suicidal behaviors and associated factors among individuals with gambling disorders: A meta-analysis //Journal of gambling studies. – 2023. – Т. 39. – №. 2. – С. 751-777.

²¹Shaw MC, Forbush KT, Schlinder J, Rosenman E, Black DW. The Effect of Pathological Gambling on Families, Marriages, and Children. CNS Spectrums. 2007;12(8):615-622. doi:10.1017/S1092852900021416

²²Arifina, D. A., Yusnadi, Y., & Machmud, M. T. (2024). The effect of online gambling addiction (slot) on family harmony: A case study of family leaders in Bunga Tanjung Village. International Journal of Education, Psychology and Counselling, 2(1). <https://doi.org/10.61220/ijepp.v2i1.0243>

²³Botterill, E., Gill, P. R., McLaren, S., & Gomez, R. (2016). Marital status and problem gambling among Australian older adults: The mediating role of loneliness. Journal of gambling studies, 32, 1027-1038.


²⁴Сарапшы Қазақстанда құмар ойынына тәуелді қанша адам болуы мүмкін екенін есептеді. <https://orda.kz>

ық шеңбер жеке деңгейде де, қоғам деңгейінде де теріс әсерін тигізіп, мәселенің ауқымын ұлғайтады. Дегенмен жұмыссыздық пен лудомания арасындағы ықтимал теориялық байланыстарға қарамастан, ресми статистикалық дерек Қазақстанда жұмыссыздық деңгейінің біртіндеп төмендеп келе жатқанын көрсетіп отыр: 2013 жылы 5,2%-дан 2023 жылы 4,7%-ға дейін. Жұмыссыздық пен лудоманияның таралуы арасында тікелей байланыс жоқ болуы мүмкін, себебі құмар ойынға тәуелді адамдар арасында тек жұмыссыздар ғана емес, сондай-ақ жұмыс істейтіндер, студенттер, өздігі-

тері бойынша, 2023 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан халқының құмар ойындарға жұмсаған шығындарын шамамен 100 млрд теңге құраған.

Лудоманиямен байланысты мінез-құлық девиациялары, мысалы, психоактив және есірткі заттарын қолдану, лудоманиямен тікелей корреляция бар деп тұжырым жасауға негіз бола алмайтын болса да, осы мәселені зерттеу кезінде ерекше назар аударуды қажет етеді. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша психоактив заттарды қолдану салдарынан туындаған «психикалық мінез-құлық бұзылыстары» диагнозымен динамикалық бақы-

№1 диаграмма. Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі, %



Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ

нен жұмыспен қамтылғандар және басқа да әлеуметтік-экономикалық топтарға жататын тұлғалар болуы мүмкін.

Мамандардың пікірінше, лудоманиямен өзара байланысты тағы бір фактор – халықтың қарыздық жүктемесінің өсуі. Кейбір дерекке сәйкес, кейінгі екі жылда Қазақстанда тұтынушылық несиелер көлемі үш есеге артқан. Жалпы берілген несиелердің көлемін 18 трлн теңге құрайды, оның 13 трлн теңгесі тұтынушылық несиелерге тиесілі. Елдегі несиеленушілер санын шамамен 8,5 млн адам құрайды²⁵. Бұл экономикалық белсенді халықтың 80%-ынан астамына сай²⁶. Халықтың қарыздық жүктемесінің өсуі лудомания мәселесінің тереңдеуіне ықпал ететін фактор болуы мүмкін, себебі қаржылық қиындықтарға тап болған адамдар өз мәселесін тез шешу мақсатында құмар ойынға жүгінуі мүмкін. Бұл қауіпті тұйық шеңберді қалыптастырады: қарыздың одан әрі ұлғаюы мен қаржылық қиындықтар құмар ойыны арқылы одан әрі шиеленісіп, нәтижесінде қаржылық стресс пен әлеуметтік оқшаулануға әкеледі. ҚР Ішкі істер министрлігінің мәлімет-

лауда 108 722 адам тұр, оның ішінде 18 329 адам есірткі және психотроптық заттарға тәуелді²⁷. Сонымен қатар «психоактив заттарды қолдануға байланысты туындаған психикалық мінез-құлық бұзылыстары» диагнозымен динамикалық бақылаудағы адамдардың саны туралы ресми статистика тіркелген жағдайлар негізінде қалыптасады. Алайда динамикалық бақылауға қою тек пациентке ақпарат беріп, оның келісімін алған соң ғана жүзеге асырылатынын ескерген маңызды. Бұл жағдай статистикалық деректердің толықтығына белгілі бір шектеулер тудыруы мүмкін, өйткені психоактив заттарға тәуелді барлық адам көмекке жүгіне бермейді немесе ресми бақылауға тұруға келіспейді. Нәтижесінде қолда бар дерек тәуелділіктің нақты көрінісіне сай келмейді, бұл статистиканың нақты жағдайға сәйкестігі туралы сұрақтар туындатады. Мамандардың пікірінше, Қазақстандағы есірткіге тәуелді адамдардың нақты санын шамамен 200 мың адам құрауы мүмкін²⁸. Бұл бағалау тек тіркелген нашақорларды ғана емес, сондай-ақ есепте тұрмаған, бірақ есірткі заттарына тәуелді адамдарды

²⁵Қазақстанда халықтың қарыздық жүктемесі үш есеге артып, 18 трлн теңгеге дейін жетті. https://www.kt.kz/rus/ekonomika/v_kazhstane_zakreditovannost_naseleniya_vyroslo_v_tri_1377961983.html

²⁶Қазақстан халқының қарыздық жүктемесі рекордтық деңгейге жетті: жұмыспен қамтылғандардың 80%-дан астамының несиесі бар. <https://kz.kursiv.media>

²⁷Ресми статистика елдегі нашақорлардың нақты санын көрсетпейді – А.Бексултанова. <https://ortcom.kz/ru/novosti/1708410665>

²⁸ІІМ Қазақстанда есірткіге тәуелділер ресми статистикаға қарағанда 10 есе көп деп есептейді. https://kz.kursiv.media/2024-05-21/tksh-narkomany-statistika-mvd/?utm_campaign=endless_feed

да қамтиды. Психоактив заттарды қолдану сияқты қосымша тәуелділіктер мен девиациялар денсаулық пен әлеуметтік тұрақтылық үшін қауіп-қатерді күшейтуі мүмкін.

Құмар ойындар нарығы


Қазақстандағы құмар ойындар нарығына тоқталсақ, оның мемлекет бюджетіне елеулі салықтық түсімдер әкелетінін атап өткен жөн. Сонымен бірге ресми статистикалық дерекке сәйкес, 2021–2022 жылдары құмар ойындарды және бәс тігуді ұйымдастыру қызметінің көлемі күрт өскені байқалады. 2021 жылы бұл қызметтердің көлемін 501,2 млрд теңге құраса, 2022 жылы 572 млрд тең-

арттыруға ықпал етсе, екінші жағынан, ойынға тәуелділіктің таралуымен байланысты қосымша қауіптерді туындатады.

Алайда Қазақстандағы өңірлер бөлінісінде ойын бизнесі қызметінің ең үлкен көлемі бес облыста шоғырланған: Ақмола, Алматы, Жамбыл, Жетісу және Қарағанды облыстарында. Әсіресе құмар ойындарға байланысты қызметтің көлемін 369,3 млрд теңге құраған Алматы облысы ерекшеленеді.

Құмар ойындарды және бәс тігуді ұйымдастыру қызметі көлемінің артуы Қазақстандағы құмар ойындар нарығының тұрақты өсімін көрсетеді. Бұл экономикалық пайда әкелгенімен, тәуелділік сияқты әлеуметтік мәселелермен байланысты қауіптерді де

№2 диаграмма. Құмар ойындарды және бәс тігуді ұйымдастыру қызметінің көлемі, млн теңге



№1 кесте. Құмар ойындарды және бәс тігуді ұйымдастыру қызметінің көлемі, өңірлер бөлінісінде, млн теңге

Облыстар	Қызмет көлемі
Алматы	369313,8
Ақмола	47812,8
Қарағанды	58,3
Жамбыл	36,7
Жетісу	20

Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ

геге дейін артқан. 2024 жылы тек үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша ғана құмар ойындар саласындағы қызметтің көлемі 353,6 млрд теңгеге жеткен²⁹. Осындай өсім құмар ойындар нарығының кеңеюін және оның қолжетімділігінің артуын көрсетеді. Бір жағынан, бұл мемлекеттің кірістерін

тудырады. Сондықтан осы секторды реттеу мен бақылауға кешенді көзқарас қажет.

Әлеуметтік желілер лудоманияның таралу индикаторы ретінде³⁰

Лудоманияға бейімділікті анықтаудың ықтимал әдістерінің бірі – әлеуметтік желілердегі аккаунттардың белсенділігін бақылау, атап айтқанда, «тігістер», «болжамдар» және басқа да осыған ұқсас тақырыптық топтарға жазылу. Құмар ойын, спорттық тігістер және өзге де жағымсыз мазмұнмен байланысты онлайн қауымдастықтарға жазылу жасырын психологиялық мәселелер мен зиянды әдеттердің айтарлықтай индикаторы болуы мүмкін.

Талдау үшін екі ірі әлеуметтік желінің, ВКонтакте мен Instagram-ның, деректері қолданылды. Пайдаланушылардың құмар ойындарға, спорттық тігістерге және лотереяларға арналған топтарға әуестенуі деңгейі олардың мінез-құлық үлгілерін анықтауға мүмкін-

²⁹https://t.me/DataHub_FCBK/2969

³⁰Деректер «AiMap» компаниясымен берілген.

дік береді. Бұл құмар ойындарға қатысты мәселелердің туындау қаупін және соған байланысты салдарды болжауы мүмкін. Профильдерді классификациялау үшін географиялық белгілер мен басқа сипаттамалар негізінде аккаунттың Қазақстандық пайдаланушыға тиесілі болу ықтималдығын анықтайтын авторлық алгоритм қолданылды. Зерттеу, ең алдымен, букмекерлік кеңселер, спорттық болжамдар, лотереялар, казинолар және құмар ойындар тақырыбына байланысты қауымдастықтарға жазылған аккаунттарға шоғырланды.

ВКонтакте платформасында Қазақстанда өзін пайдаланушы ретінде көрсеткен және құмар ойындарға қатысты кем дегенде бір топқа (тігістер, букмекерлер, болжамдар, казинолар, лотереялар, тігістерді жарнамалайтын спорттық пабликтер) жазылған 1 462 744 бірегей аккаунт тіркелген. Бұл пайдаланушылар 8 536 тақырыптық ресурстарға жазылған. Контентке деген қызығушылық деңгейі мен ықпалын бағалау үшін 5 және одан да көп топқа жазылған пайдаланушыларды қамтитын шартты топ пайдаланылды. Қатер деңгейі жоғары топқа 102 311 пайдаланушы кірді, бұл олардың осы тақырыпқа деген қызығушылығының жоғары екенін және құмар ойындарға қатысты мәселелердің туындау ықтималдығын көрсетеді.

№2 кесте. ВКонтакте желісіндегі тақырыптық ресурстарға жазылған аккаунттар саны, бірлік

Ресурстың тақырыбы	Топтар	Аккаунттар
Болжамдар	5408	1224988
Тігістер	1398	664931
Басқалары	745	354225
Спорттық пабликтер	22	232444
Онлайн-казино	1326	72032
Лотереялар	314	60638
Жалпы	8536	1 462 744

Құмар ойындар жайлы топтарға жазылған барлық пайдаланушының 36%-ы жыл бойы белсенді болған. Әсіресе кәмелетке толмаған пайдаланушылар арасында бұл көрсеткіш 47,6%-ға дейін жетуі мүмкін екенін ерекше атап өту керек. Бұл жастар аудиториясы осындай топтарға жоғары деңгейде әуес екенін көрсетеді.

Әртүрлі тақырыптық бағыттағы топтардың санын 8 536 құраса, осындай топтардың кем дегенде біреуіне жазылған аккаунттардың жалпы саны 1 462 744-ке жетеді. Бұл пайдаланушылардың болжамдар, тігістер, онлайн-казинолар мен лотереялар сияқты тақырып-

тарға жоғары қызығушылығын растайды. Осы деректер ең танымал топтарды бөліп көрсетуге және әлеуметтік желілердегі құмар ойындарға қызығушылықты анықтауға мүмкіндік береді.

Топтардың ең көп саны (5 408) спорттық тігістер мен басқа да құмар ойындарға байланысты тақырыптарды қамтитын болжамдарға арналған. Осы топтарға 1 224 988 пайдаланушы жазылған, бұл барлық санаттар арасында ең жоғары көрсеткіш саналады. Аталмыш құбылыс жазылушылар арасындағы ең танымал тақырып спорттық болжамдар екенін және оның кең аудиторияны қамтитынын көрсетеді. Одан бөлек тігістерге арналған топтардың айтарлықтай саны (1 398 топ) бар, оларға 66 931 аккаунт жазылған. Бұл топтар тігістер туралы ақпарат орналастыруға бағытталған. «Басқалары» санатына жататын топтардың саны 745 болса, оларға 354 225 аккаунт жазылған. Осы топтар аз мамандандырылған болуы мүмкін, бірақ құмар ойындар мен тігістерге қызығушылық танытқан қатысушылардың айтарлықтай санына ие.

Сонымен қатар тігістерді жарнамалайтын спорттық пабликтерге бағытталған топтарды атап өту керек. Мұндай топтардың саны 22-ге жетеді, ал оларға 232 444 пайдаланушы жазылған. Бұл көп адамның тігіс жасау мүмкіндігіне қызығушылық танытатынын көрсетеді. «Онлайн-казино» санатында 1 326 топ бар, оларға 72 032 аккаунт жазылған. Онлайн-казино – әлеуметтік желілердегі құмар ойындардың маңызды бөлігі, ол көптеген қатысушыларды тартады. Лотереяларға арналған топтар саны 314-ке тең, ал оларға 60 638 аккаунт жазылған. Лотереялар басқа санаттармен салыстырғанда шектеулі тақырып болғанымен, пайдаланушылар арасында танымалдылыққа ие.

№3 диаграмма. Белгілі бір тақырыптық пабликтер мен топтарға жазылған аккаунттар саны, бірлік


1-ден 5-ке дейін	1360433
5-тен 10-ға дейін	75153
10-нан 20-ға дейін	21274
20-дан 50-ге дейін	5102
50-ден 100-ге дейін	699
100-ден жоғары	83

Ұсынылған деректерден құмар ойындарға қатысты ресурстарға жазылу саны мен олардың пайдаланушыларға әсеріне қатысты бірнеше маңызды аспектілерді бөліп көрсетуге болады. Ең алдымен, әртүрлі тақырыптық ресурстарға жазылу саны туралы деректер көрсеткендей, пайдаланушылардың басым бөлігі букмекерлік

кеңселер, спорттық болжамдар және құмар ойындар сияқты 1-5 топқа жазылған (1 360 433 аккаунт). Бұл пайдаланушылардың негізгі бөлігі осы тақырыпқа қызығушылық танытқанымен, шектеулі деңгейде екендігін білдіреді. Алайда мұндай ресурстарға жазылу саны артқан сайын, пайдаланушының құмар ойындарға қатты әуестену ықтималдығы да жоғарылайды. 5 және одан да көп топтарға жазылған пайдаланушылар (75 153 аккаунт) тәуекел деңгейі жоғары топқа жатады. Мұндай деңгейдегі әуестену адамдардың құмар ойындарға байланысты контентті белсенді түрде тұтынуымен байланысты болуы мүмкін, бұл топтардың олардың мінез-құлқына ықпалын күшейтеді. Осындай құбылыс, өз кезегінде, пайдаланушылардың құмар ойындарға тәуелді болу қаупін арттыруы мүмкін.


Қарастырылған аккаунттардың ішінде 530 290-ы (немесе барлық көрсетілген профильдердің 36%-ы) жылдың басынан бері белсенді болған. Сонымен қатар желідегі белсенділік кәмілетке толмаған пайдаланушылар арасында 47,6%-ға дейін жетеді. Лудоманияға арналған 5-тен астам топқа жазылған пайдаланушылардың жартысы (50%) жыл басынан бері белсенді. Бұл 102 311 пайдаланушының ішінде 51 522 белсенді аккаунтты құрайды. Олардың ішінен ең көп саны (257 665 аккаунт) өз жасын көрсетпеген, бұл кәмілетке толмаған пайдаланушылардың осы ақпаратты жасыруы мүмкін екенін білдіреді. Жасын көрсеткен пайдаланушылар арасында 18 бен 30 жас аралығындағылар басым топқа жатады (138 454 аккаунт), ал одан кейін 30 жастан асқан пайдаланушылар (121 019 аккаунт) орналасқан. 18 жасқа дейінгі пайдаланушылар санын 13 152 аккаунт құрайды. Бұл бөлініс жазылушылардың көпшілігі жастар екенін көрсетеді, осы жас тобында құмар ойындарға деген қызығушылықтың жоғары екені байқалады. Профильде көрсетілмеген жас кәмілетке толмағандардың барын жасыруы мүмкін екенін ескеру маңызды. Бұл кәмілетке толмағандардың құмар ойындарға және тігістік тәжірибелерге тартылуы қаупін арттырады.

№4 диаграмма. Жыл басынан бері белсенді аккаунттар саны, жас бөлінісінде, бірлік



Жалпы барлық аккаунттар бойынша жас санатында ең көп өкілдікке ие топ 18 бен 30 жас аралығындағы жастар болып отыр (жасы анықталмаған пайдаланушылардан кейін).

№5 диаграмма. Жас бөлінісіндегі аккаунттар саны, бірлік




Құмар ойындарға байланысты ресурстарға жазылымдар саны артқан сайын тәуелділіктің қалыптасу ықтималдығының да жоғарылайтынын ескеру маңызды. 5 және одан да көп топқа жазылған пайдаланушылар арасында контенттің әсері едәуір күшейеді, себебі әлеуметтік желілердің алгоритмдері пайдаланушыларға ұқсас ресурстарды ұсынады, бұл олардың тартылуын одан әрі арттырады. Мысалы, каперлік қауымдастықтар жиі пайдаланушыларға «тегін болжамдар» немесе «100% кепілдендірілген тігіс» туралы жеке хабарламалар жібереді. Бұл тігістерге әуестенуді күшейтіп, тәуелділікті арттыруы мүмкін. Деректер тәуелділік пен құмар ойындарға байланысты қауіптерді азайту мақсатында әлеуметтік желілердегі пайдаланушылардың, әсіресе жастар мен кәмілетке толмағандардың белсенділігін бақылаудың маңыздылығын көрсетеді.

Пайдаланушылардың жынысына қарай бөлінісіне қатысты деректерде құмар ойындарға арналған топтарға жазылған пайдаланушылардың жынысы мен белсенділігі арасындағы байланысты көрсететін бірнеше қызықты аспектілер бар. Ең алдымен, құмар ойындармен байланысты кем дегенде бір топқа жазылған барлық пайдаланушылар арасында ерлер саны әйелдерден айтарлықтай көп екені байқалады, олардың үлесін 63% құрайды. Бұл ерлердің мұндай ресурстарға жазылуға бейімділігі жоғары екенін көрсетеді, әрі олардың құмар ойындар саласында белсенділігімен байланысты болуы мүмкін.

5 және одан да көп топтарға жазылған пайдаланушылар арасында ерлердің үлесі одан да жоғары – 82%. Бұл ерлердің құмар ойындармен байланысты контентті белсендірек тұтынатынын көрсетеді. Байқалған үрдіс бойынша, құмар ресурстарға жа-


зылымдар саны артқан сайын (яғни жоғары әуестену деңгейі мен тәуелділік көрсеткіші) ерлердің үлесі де өседі. Осылайша, ерлер лудоманияға қызығушылығы бар пайдаланушылар арасында тәуекел деңгейі жоғары топқа жатады.

№6 диаграмма. 5 және одан да көп топ пен пабликтерге жазылған аккаунттар саны, жыныс бөлінісінде, бірлік




Жекелеген санаттар ішінде жыныс бөлінісіндегі өзгерістерді байқауға болады. Мысалы, «лотерея» санатында әйелдердің үлесі жалпы үрдістен ерекше – 54%. Бұл лотерея ойындарының әйелдерді спорттық тігістер немесе онлайн-казинолар сияқты басқа құмар ойын түрлеріне қарағанда көбірек тартатынын көрсетуі мүмкін.

№7 диаграмма. «Лотерея» санатындағы аккаунттардың саны, жыныс бөлінісінде, бірлік



«Онлайн-казино» санатында әйелдердің үлесін небәрі 20% құрайды. Бұл онлайн-казино формасындағы құмар ойындар негізінен ерлер арасында танымал екенін, ал әйелдердің бұл аудиторияда айтарлықтай аз екенін көрсетеді. Жалпы ерлер аудиториясы лудоманияда басымдыққа ие, әсіресе онлайн-тігістер мен казиноға қатысты санаттарда. Ал әйелдер, керісінше, лотереялар сияқты жеңілрек құмар ойын түрлеріне көбірек әуестенеді.

№8 диаграмма. «Онлайн-казино» санатындағы аккаунттар саны, жыныс бөлінісінде, бірлік



Жас ерекшеліктері бойынша статистика құмар топтарға жазылған барлық пайдаланушылардың ішінде айтарлықтай бөлігін жастар мен кәмелетке толмағандар құрайтынын көрсетті. «Жасы көрсетілмеген» санатына жататын профильдер арасында кәмелетке толмаған пайдаланушылар болуы мүмкін екенін ескеру маңызды. Алайда қолдағы деректерге сүйене отырып, жастар аудиториясының елеулі үлесін құрайтынын болжауға болады. Бұл осындай қауымдастықтарға қолжетімділікті реттеуге сақтықпен қарауды талап етеді. Құмар топтарға жазылған пайдаланушылардың ең көп санын 18 бен 30 жас аралығындағы жастар құрайды. Ал 18 жасқа дейінгі пайдаланушылар саны 27 576 адамнан тұрады. Бұл кәмелетке толмағандардың лудоманияға әуестігін көрсетеді және алаңдатарлық белгі саналады. Мұндай пайдаланушылар санатын қорғау үшін мұқият бақылау мен, бәлкім, араласу қажеттілігі бар.

Білім деңгейі бойынша талдау көрсеткендей, құмар ойындарға арналған кем дегенде бір топқа жазылған барлық пайдаланушылардың ішінен 134 146 адам жоғары білімі бар екенін атап өткен. Олар студенттер, оқытушылар және түлектер болуы мүмкін. Бұл көрсеткіш құмар ойындар мен спорттық тігістерге қызығушылық тек жастарды ғана емес, сонымен қатар халықтың неғұрлым білімді бөлігін де қамтитынын көрсетуі мүмкін.

Ұсынылған деректерге сүйене отырып, Қазақстанның әртүрлі өңірінде тіркелген пайдаланушылар арасында айтарлықтай **аймақтық айырмашылық** бар екенін байқауға болады. Пайдаланушылардың жалпы саны – 1 305 772 адам. Бұл аудиторияның географиялық таралуы туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Ең көп пайдаланушылар саны Алматыда тіркелген – 289 608 адам. Бұл көрсеткіш мегаполистің жоғары халық тығыздығымен, дамыған инфрақұрылыммен және интернет пен цифрлық

технологияларға кең қолжетімділікпен түсіндіріледі. Алматы тек елдің мәдени және экономикалық орталығы ғана емес, сонымен бірге онлайн белсенділіктің негізгі тораптарының бірі саналады. Өңірдегі пайдаланушылардың айтарлықтай көп саны әлеуметтік және экономикалық процестерге жоғары деңгейдегі қатысуды көрсетуі мүмкін. Бұл интернетке тәуелділік және басқа да байланысты құбылыстарды зерттеуде қаланың маңыздылығын растайды. Екінші орында 165 138 тіркелген аккаунтпен Шымкент қаласы тұр. Бұл да халық тығыз орналасқан және кейінгі жылдары белсенді дамып келе жатқан Қазақстанның ірі қалаларының бірі. Алматы мен Шымкент арасындағы айырмашылықтың айтарлықтай үлкен болуы урбанизация деңгейі мен интернетке қолжетімділік деңгейіндегі өзгешеліктерді көрсетеді. Үшінші орында Қазақстан елордасы Астана иеленді, мұнда 143 645 пайдаланушы тіркелген. Астана елорда мәртебесіне ие болғанымен, пайдаланушылар саны бойынша Алматы мен Шымкенттен төмен. Бұл халық санының аздығымен немесе демографиялық құрамының ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Дегенмен Астана интернет белсенділігі жоғары маңызды өңір болып қала береді.

Орташа позицияларда Жамбыл (72 920 пайдаланушы), Қарағанды (66 276 пайдаланушы) және Ақтөбе облыстары (59 116 пайдаланушы) орналасқан. Аталған өңірлер интернетке қолжетімділіктің орташа деңгейімен сипатталады. Бұл олардың географиялық, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Айта кету керек, осы өңірлер мегаполистермен салыстырғанда пайдаланушылар саны аз болғанымен, жалпы көлемде айтарлықтай рөл атқарады. Пайдаланушылар саны аздау өңірлерге Абай (36 756 пайдаланушы), Шығыс Қазақстан (35 276 пайдаланушы) және Солтүстік Қазақстан облыстары (23 023 пайдаланушы) жатады. Төмен көрсеткіштер халық тығыздығының төмендігімен, интернетке шектеулі қолжетімділікпен немесе инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуымен байланысты болуы мүмкін. Қызықты аспект ретінде Ұлытау облысындағы пайдаланушылар санының өте төмендігі (7 902 пайдаланушы) атап өтіледі. Бұл географиялық оқшауланумен, халық санының аздығымен немесе цифрлық технологияларға қолжетімділікті шектейтін басқа да әлеуметтік-экономикалық факторлармен түсіндірілуі мүмкін.

Пайдаланушылардың таралуын талдау Алматы, Шымкент және Астана сияқты ірі қалалардың айқын басымдыққа ие екенін көрсетеді. 1,3 млн-нан астам пайдаланушының онлайн қоғамдастықтарға тартылға-

№3 кесте. ВКонтакте желісінде тақырыптық ресурстарға жазылған аккаунттар саны, өңірлер бөлінісінде, бірлік

Өңір	Аккаунттар саны
Алматы қаласы	289608
Шымкент қаласы	165138
Астана қаласы	143645
Жамбыл облысы	72920
Қарағанды облысы	66276
Ақтөбе облысы	59223
Қызылорда облысы	59016
Маңғыстау облысы	55993
Атырау облысы	47949
Түркістан облысы	46903
Батыс Қазақстан облысы	43750
Павлодар облысы	40020
Қостанай облысы	37801
Абай облысы	36756
Шығыс Қазақстан облысы	35276
Жетісу облысы	30906
Ақмола облысы	28421
Солтүстік Қазақстан облысы	23032
Алматы облысы	15237
Ұлытау облысы	7902

Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ

нын ескере отырып, әлеуметтік факторлардың пайдаланушылардың мінез-құлқына әсерін дәлірек түсіну үшін әр өңірдегі белсенділік ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған зерттеулер әлі де қажет екені айқын.

Отбасы жағдайы тұрғысынан ең үлкен топ «көрсетілмеген» санаты (1 251 601 адам) болып отыр, яғни адамдардың қарым-қатынас жағдайы туралы деректердің жоғын білдіреді. Бұл респонденттердің осы ақпаратты ашқысы келмегенін немесе деректерді жинау барысында кейбір адамдар үшін әлеуметтік жағдай аспектісінің қамтылмағанын көрсетуі мүмкін. Одан кейін «некеде» (77 014 адам) және «іздеуде» (44 404 адам) топтары орналасқан. Деректер қарым-қатынаста немесе белсенді түрде қарым-қатынас іздейтін адамдардың айтарлықтай санын көрсетеді. Сонымен қатар романтикалық немесе эмоциялық байланыстары бар екенін көрсететін «ғашық» санаты (38 858 адам) ерекшеленеді. Қосымша 27 642 адамның «жалғызбасты», яғни қазіргі уақытта қарым-қатынаста емес екені жіктелді. Ең аз топтарға «барлығы күрделі» (10 863),

«қарым-қатынаста» (8 921) және «атастырылған» (3 441) санаттары жатады. Бұл әлеуметтік байланыстарға және олардың қазіргі жай-күйіне әртүрлі көзқарастардың барын көрсетеді.

Instagram желісінде лудомания тақырыбы бойынша 2 757 ресурсқа жазылған 1 731 532 аккаунт анықталды. Олардың ішінде 1 660 121 адам 1-ден 5-ке дейінгі тақырыптық топтарға, 34 239 адам 6-дан 10-топқа, ал 37 171 адам 10-нан астам топқа жазылған.

№9 диаграмма. Тақырыптық аккаунттарға жазылған аккаунттар саны, отбасы жағдайы бөлінісінде, бірлік

Көрсетілмеген	1251601
Некеде	77014
Іздеуде	44404
Ғашық	38858
Жалғызбасты	27642
Барлығы күрделі	10863
Қарым-қатынаста	8921
Атастырылған	3441

Мәліметтерге сәйкес, ВКонтакте желісінде назар аударуды қажет ететін аддикцияға ұшырауы мүмкін 1 462 744 пайдаланушы, ал Instagram-да 1 731 532 пай-

даланушы тіркелген. Алайда ВКонтакте және Instagram әлеуметтік желілерінен алынған деректер тәуелділіктің толық көрінісін көрсете алмайды, өйткені есепте Telegram сияқты басқа платформаларды пайдаланатын құмар ойындарға тәуелді болуы мүмкін адамдар ескерілмеген. Бұл тек ішінара көрініс. Мәселені дәлірек бағалау үшін басқа мессенджерлер мен әлеуметтік желілерді, олардың мәліметтерін, қазіргі уақытта қолжетімсіз ақпараттарды да қоса алғанда, ақпарат көздерінің кең ауқымын есепке алу қажет.

№10 диаграмма. Instagram желісінде тақырыптық аккаунттарға жазылған аккаунттар саны, бірлік

1-ден 5-ке дейін	1660121
6-дан 10-ға дейін	34239
10-нан көп	37171

Жалпы, алғанда бүгінде Қазақстандағы лудомания мәселесі қоғам үшін елеулі сынақ болып отыр. Ол әлеуметтік-экономикалық проблемалармен тығыз байланысты. Сонымен бірге мәселенің ауқымын нақты бағалау сенімді статистиканың жеткіліксіздігі мен деректерді жинау әдістерінің әртүрлілігіне байланысты күрделеніп кеткен. Сондай-ақ барлық қауіп факторы мен салдарын қамтитын кешенді зерттеулердің болмауы мәселенің ауқымын түсінуді шектейді.

САРАПТАМАЛЫҚ СҰХБАТ

Негізгі тұжырымдар

Сараптамалық сұхбаттардың барысында Қазақстанда лудоманияның пайда болуына айтарлықтай әсер ететін бірнеше негізгі тенденция анықталды. Бұл факторлар қоғамдық дискурста бұрындары бірнеше рет талқыланған еді, ал енді респонденттер солардың әлі өзекті екенін растап отыр. Дегенмен олар әлі де ғылыми пайымдауды және терең пәнаралық талдауды қажет етеді. Осы ретте мынадай аспектілерін атап өткен жөн:

Құмар ойындардың интернетте және мобильді құрылғыларда қолжетімді болуы. Бұл фактор елде лудоманияның өршіп кеткенінің негізгі драйвері болып отыр. Онлайн платформаларда құмар ойындарға оп-оңай қосылып ойнай беру адамдарды еліктіріп әкетіп, тәуелді болып қалуы қаупін күшейтіп, болжауды қиынырақ етеді. Кез келген уақытта және кез келген жерде ойнау мүмкіндігі ойын процесін халықтың үлкен тобына қолжетімді етіп, патологияның қалыптасуы қаупін едәуір арттырып жібереді.

Психологиялық стимул ойынға берілуге түрткі болатын негізгі фактор ретінде. Құмар ойындарға қатысудың маңызды себебі жеңіске деген ұмтылыс қана емес, сонымен бірге процестің өзінен эмоциялық ләззат алу да бола алады. Көп жағдайда ойын кезінде жеңісті тосу, құмарлану және эмоцияның бойды кернеуі соңындағы нәтижеден де маңыздырақ болады. Бұл ойын процесі мен бойды кернеген эмоциялар материалдық дәулетке жету құралы емес, өзін-өзі ақтайтын мақсатқа айналған тәуелділікті туғырады.

Онлайн ойындардың танымалдығы. Спортқа және онлайн казиноларға тігіс қою – Қазақстанда лудоманияның өсуіне ықпал етіп жүрген құмар ойындардың ең көп таралған түрлері. Бұл ойын түрлері адамдарды еліктіріп әкетіп, лезде нәтиже береді де, ойынға тәуелді болып қалуын арттырып, пайдаланушылар арасында тәуелділікті кеңейте береді.

Қауіп-қатерге ілігу тобына негізінен ер адамдар кіреді. Лудомания, ең алдымен, 18–35 жас аралығындағы ер адамдарға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен және психоэмоциялық қиындығы бар адамдарға қатты әсер етеді. Бұл санаттағы адамдар бірнәрсеге тәуелді болып қалуға бейім келеді, өйткені олар қаржылық тұрақсыздық, басын қатерге тігу, эмоциялық осалдық және дұрыс шешім қабылдай алмау сияқты қосымша факторлармен бетпе-бет келіп жүреді. Мұндай адамдар құмар ойындарды жиі шынайы өмірден алшақтаудың

я қаржылық жағдайын жақсартуға тырысудың құралы ретінде қабылдайды.

Халықтың құқықтық хабардарлығының төмен деңгейі. Лудоманияның артуына ықпал етіп жүрген елеулі факторлардың бірі – азаматтардың Қазақстандағы құмар ойындарды реттейтін құқықтық нормалар туралы хабардарлығының төмен деңгейі. Құқықтық сауаттың жеткіліксіздігі және тиімді ақпараттық саясаттың болмауы халықтың едәуір бөлігінің заңсыз құмар ойын ойнауға байланысты қауіп-қатерді жіті түсінбеуіне әкеледі. Заңсыз онлайн платформаларға оп-оңай қол жеткізу пайдаланушыларға құқықтық және қаржылық жауапкершілік артып, басын қатерге тігеді, көбінесе олар тігіс тіккен сәтте мұндай жауапкершілік барын толық түсіне бермейді.

Қазақстанда құмар ойындарға деген тәуелділік мәселесі – кешенді, пәнаралық шешім қажет ететін көпдеңгейлі құбылыс. Жалпы, мемлекеттік органдардың дер кезінде әрекет етіп, азаматтарды құмар ойындардың қауіп-қатері мен зардабы жайлы хабардар етуі қоғамдағы тәуелділік деңгейін айтарлықтай төмендетуге жол ашады.

Лудомания ұғымы, пайда болу себептері мен факторлары

Сауалнамаға қатысқан мамандар лудомания ұғымын талдап қарағанда құмар ойындарға тәуелді болып қалу психоактив заттарды қолданғанға ұқсас екенін атап өтті. Мәселен, сарапшылар сұхбат барысында лудоманияны тәуелділіктің бір түрі, есірткі заттарын қолданғанға ұқсас күрделі неврологиялық және мінез-құлық ауруы деп таныды. Олар құмар ойындардың миға және гормондардың бөлінуіне алкоголь, каннабис, галлюциногендер т. с. с. заттар іспеттес әсер ететінін атап өтті. Олардың пікірінше, мұндай тәуелділік көп жағдайда жүре пайда болады.

Сарапшылардың жауаптарын талдай отырып, **лудомания – құмар ойындарға патологиялық түрде тәуелді болумен сипатталатын ауыр психикалық және мінез-құлық бұзылысы** деп қорытынды жасауға болады. Бұл бұзылыс мидағы қанағаттану жүйесіне байланысты нейрохимиялық процестердің бұзылуы сияқты биологиялық аспектілерді ғана емес, сонымен қатар тәуелді адамның тұлғасына әсер ететін психологиялық, әлеуметтік және рухани элементтерді де қамтиды. Сарапшылар лудоманияның негізгі сипаты адамның жеке, кәсіби өміріндегі және

қаржылық істеріндегі салдарға қарамастан құмар ойындарға деген құштарлықты басқара алмау екенін атап көрсетті.

«Лудомания – жағымсыз салдарының барына қарамастан адамның ойын ойнау мінез-құлқын бақылау қабілетінен айырылып, құмар ойындарға патологиялық түрде тәуелді болып қалуы. Лудоманияның негізгі белгілері – тігіс тігу туралы тұрақты ойлар (беймаза күй), қаржылық немесе әлеуметтік мәселелерге қарамастан ойнауды тоқтата алмау және бұрынғыдай қызбалық деңгейіне жету үшін тігістің санын көбейту қажеттілігі».

Терапевт, аддиктолог, еңбек өтілі – 10 жыл

«Лудомания немесе құмар ойындарға тәуелділік – жағымсыз салдарға қарамастан өзін-өзі ұстай алмай, ойындарға үнемі қатысып, құмар ойындардың патологиялық түрде тартымды болуы. Мұндай тәуелділік ойын автоматтары, спорттық тігіс тігулер, карта ойындары және онлайн казино сияқты құмар ойындардың әртүрлі формасынан көрінуі мүмкін.

Лудоманияны диагностикалаудың негізгі критерийлері:

1. Тәуелді мінез-құлыққа бейімділік.
2. Тітіркенгіштік және мазасыздану сезімдері.
3. Сыртқы әлемге қызықпау.
4. Қаржылық тұрақсыздық.
5. Жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларынан психологиялық ауытқулар».

**Заң ғылымдарының кандидаты,
кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл**

«Лудомания – құмарлық геніне байланысты психикалық бұзылыс. Құмарлық гені бәрімізде бар».

**Ұлттық университеттің психология
кафедрасының меңгерушісі, еңбек өтілі – 29 жыл**

Тігістер туралы жиі ойлау, ойынға деген құмарлықтың артуы және күрделі мәселелер туындаған кезде де тоқтай алмау лудоманияның негізгі белгілері саналады. Сарапшылар дер кезінде диагноз қойып, емдеуге кешенді көзқараспен қарағанның маңызды екенін алға тартады. Лудоманияны емдеу тек дәрілік терапияны ғана емес, сонымен қатар психологиялық көмекті, атап айтқанда когнитив және мінез-құлық терапиясын, әлеуметтік қолдауды және қоршаған ортаны өзгертуді қажет етеді. Жалпы, сарапшылардың бағалауы бойынша, лудомания жай

ғана жаман әдет немесе ерік-жігердің әлсіздігі емес, емдеу мен қолдауға кешенді көзқарасты қажет ететін күрделі және жойқын психикалық бұзылыс.

Қоғамда құмар ойындарға тәуелділіктің пайда болуына ықпал ететін негізгі фреймдер

Құмар ойындарға тәуелділіктің пайда болуы бір мезгілде әрекет ететін және осы бұзылыстың қалыптасуына қолайлы жағдай жасайтын көптеген фактордың әсерінен туындайды. Сарапшылардың пікірінше, **құмар ойындардың қолжетімділігі мен агрессиялы жарнама** басты рөл атқарады. Технология дамыған заманда құмар ойындарға интернет арқылы қолжетімділік артты. Бұл адамдарға кез келген уақытта және кез келген жерде ойнауға мүрсат береді. Бұл тәуелді болып қалу қаупін едәуір арттырады, өйткені ойын ойнау шегі минимум деңгейге дейін түседі.

«Лудоманияның пайда болуына ықпал ететін негізгі фактор – тәуелділікке әкелетін ойындардың және басқа да әрекеттердің қолжетімді болуы. Есірткілердің, онлайн ойындардың және сол сияқтылардың оңай қолжетімді болуы».

Әлеуметтанушы, еңбек өтілі – 12 жыл

«Жеке кәсіби тәжірибеме сүйене отырып, әлі де қолжетімділікті бірінші орынға қояр едім. Қазіргі уақытта әрқайсымыз кез келген уақытта және кез келген жерде ойын ойнай аламыз, бұл тәуелділіктің пайда болуы қаупін айтарлықтай арттырады. Психологиялық және эмоциялық мәселелерді басым қауіп-қатер факторы деп санаймын. Құмар ойындарға тәуелділік көбінесе стрестен, депрессиядан немесе үрейден аулақ болуға тырысып жүрген адамдардың бойында пайда болады. Құмар ойындар эйфория мен жеңіс сезімін береді (алдамшы болса да)».

**Психиатр, Ақпараттық-талдамалық
мониторинг орталығының жетекшісі,
еңбек өтілі – 21 жыл**

Құмар ойындардың жарнамасы, өз кезегінде, белсенді түрде оңай ұтыстар мен табысты өмірдің тартымды бейнесін жасайды. Бұл адамдардың сезімін алдап, оларды ойындарға қатысуға ынталандырады. Лезде табысқа жетуге уәде беру сияқты психологиялық жарнама механизмдері ойыншылар бақылауынан айырылып қалса да, жағдайды басқара алатындығына сендіру арқылы бақылау иллюзиясын күшейтеді.

Әлеуметтік қысым маңызды фактор болып қалып отыр, өйткені құмар ойындар кейбір әлеуметтік

топта бос уақытты өткізудің қалыпты түрі немесе қаржылық мәселелерді шешу тәсілі ретінде қарастырылып жүр. Әлеуметтік желілер мен интернетте құмар ойындар демалу тәсілі ретінде көрсетіліп жүр, бұл да оның тартымдылығын арттырып, тәуелділіктің таралуына ықпал етеді.

«Факторлары көп, дегенмен, ең маңыздыларының бірі, біздің ойымызша, әлеуметтік желілер мен интернет. Интернет сөзбе-сөз айтқанда “сіздің қолыңызда”, ал құмар ойындарды насихаттайтын ойындар мен контентке қол жеткізу бұрын соңды осыншалық оңай болған емес».

Консалтингтік компанияның бас директоры

Бұл ретте **қаржылық сауатсыздық** пен қарыз немесе ақшаның жетіспеушілігі сияқты экономикалық қиындықтар адамдарды тігіс тігу және ойын арқылы ақша табудың «оңай» жолдарын іздеуге мәжбүрлейді. Бұл, өз кезегінде, қауіп-қатерді одан әрі арттырып жібереді. Белгісіздік пен дағдарыс жағдайында құмар ойындар қиындықтарды еңсерудің жылдам әдісі ретінде қабылданып, тәуелділіктің пайда болуына ықпал етеді.

«Қаржылық сауатсыздық, бөліп төлеу мен несие алу, содан кейін оны жабудың “оңай және жылдам” жолын іздеу. Сондай-ақ букмекерлік кеңселердің қолжетімді болуы, онлайн форматтың болуы да бар».

Психолог, еңбек өтілі – 7 жыл

Психологиялық осалдық – қорғансыздықтың тағы бір фреймі. Депрессиядан, үрей немесе өзін-өзі төмен бағалаудан зардап шегіп жүрген адамдар, алдамшы болса да, уақытша эйфория мен жеңіс сезімін беретін ойыннан жұбаныш іздейді. Құмар ойындар шынайы өмірден қашып, жағымсыз эмоцияларды басу тәсілі ретінде эскапизмнің өзіндік бір механизміне айналады. Бұл адамның ойын арқылы өзін одан да терең тәуелділікке батыратынын аңғармай уақытша жеңілдеу сезімін іздеген кезде стресс пен ішкі жайсыздық жағдайында күшейе түседі.

Генетикалық бейімділіктің де маңызы зор. Кейбір адам әу бастан тәуелділік мінез-құлқына көбірек бейім болуы мүмкін. Бұл қоршаған орта жағдайы мен жеке қиындықтармен үйлескен кезде құмар ойындарға тәуелділіктің пайда болуына әкелуі мүмкін. Құмар ойындар кең таралған немесе тәрбиелеу материалдық құндылықтардың маңыздылығына назар аударылмаған отбасыларда адамның ойындарға және «жеңіл» өмір жолдарын іздеуге бейімділік қа-

лыптасуы мүмкін. Егер адам бала кезінен отбасында құмар ойындарға бейімділік барын көріп немесе ата-анасының сондай мінез-құлқын бақылап өссе, бұл оның болашақта құмар ойындарға деген қарым-қатынасына әсер етіп, белгілі бір ұстанымдар мен күтілімдерді қалыптастыруы мүмкін.

«Біріншіден, кейбір құндылық төмендеп кеткен. Бәрі отбасы тәрбиесінен басталады: отбасында қандай құндылық болды, қалай көңіл бөлінді, қандай кәсіби компетенция болды, материалдық жағдайы не болды. Иә, жалпы, осының бәрі бойымыздағы осы геннің оянуына әсер етуі мүмкін».

Ұлттық университеттің психология кафедрасының меңгерушісі, еңбек өтілі – 29 жыл

«Кейбір адам ойынға қатты әуестену қауіп-қатерін арттыратын биологиялық ерекшелігіне байланысты тәуелділікке бейім келеді».

Заң ғылымдарының кандидаты, кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл

Тиісінше, лудоманияның таралуы – көптеген фактордың өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Қазіргі уақытта құмар ойындардың қолжетімділігі, әлеуметтік қысым, психологиялық мәселелер, қаржылық сауатсыздық, сондай-ақ генетикалық бейімділік пен отбасылық көзқарастар тәуелділікке бейімділікті айтарлықтай арттыратын жағдайлар кешенін қалыптастырады. Бұл факторлар оқшауланбай, бір-бірімен тығыз байланыста әрекет етеді, нәтижесінде адамның бұл тұйық шеңберден шығуы қиынға соғып, сырттан көмекке мұқтаж болады.

Ойынға қосылудың негізгі себептері

Жылдам табыс

Жылдам табысқа ұмтылыс құмар ойындарға тәуелділіктің пайда болуына айтарлықтай әсер етеді. Өз кезегінде, тез арада табыс табу – жиі сәттілік арқылы қаржылық әл-ауқатқа жылдам қол жеткізуге байланысты болатын тұтынушылық мәдениетінің нәтижесі. Қазіргі заманғы технологиялар мен әлеуметтік желілер осындай иллюзияны қалыптастыруда маңызды рөл атқарып жүр. Блогерлердің, танымал тұлғалардың және табысты адамдардың мінсіз өмір салтын үнемі көрсете беруі табысқа оңай және ешқандай күш салмай-ақ қол жеткізуге болады деген жалған түсінік қалыптастырады.

Сарапшылардың айтуынша, психологиялық деңгейде адамның жылдам табысқа ұмтылуы оның жылдам марапат алуды іздейтін «жедел қанағаттану» феноменіне байланысты. Бұл сыртқы ынталандыруларға жылдам реакция жасауды қамтамасыз ететін эволюциялық бейімделу механизмдеріне байланысты. Алайда қазіргі өмір жағдайында өткенде пайдалы болған осынау инстинкт механизмі адамға қарсы әрекет ете бастады. Жылдам нәтижелерге деген ұмтылыс, сондай-ақ ұзақмерзімді күш-жігерге дайын болмау өмірді қысқа мерзімде өзгерту мүмкіндігін уәде етіп, жылдам жеңістерге жетуге шақыратын құмар ойындарға деген қызығушылықты арттырады.

«Жанама факторлардың бірі – қазіргі қазақстандық қоғамда «етек жайған» заманауи тұтынушылық психологиясы. Зумер ұрпағы үшін, әсіресе, қаржылық әл-ауқатқа өте қысқа мерзімде қол жеткізген блогерлер мінез-құлық үлгісі болып отыр».

Әлеуметтанушы, еңбек өтілі – 12 жыл

«Instagram идеал өмірдің витринасына айналып кеткен қазіргі заманда әрқайсымыз басқа адамдардың көкпеңбек жағажайларда коктейль ішіп, бақыттан басы айналып жүргенін көріп жүрміз. Бірақ ойынға тәуелді адам бұл бейнелердің адам болмысы мұхитындағы тамшы ғана екенін, мұндай «қаһармандар» өміріміздегі көптеген адамның аз ғана бөлігінен құралғанын түсіне бермейді. Адам солардың бірі болуға міндетті екеніне, құдды бұл оның тағдыры екеніне сенімді».

Терапевт, аддиктолог, еңбек өтілі – 10 жыл

Қазіргі қоғамда үстемдік етіп тұрған тұтынушылық культі, жылдам жетістік пен ләззат арқылы қаржылық жағдайды жақсартуға ұмтылып жүрген «табысты адамның» бейнесі медиа, әлеуметтік желілер мен жарнама арқылы белсенді түрде насихатталып жүр. Адамдар жеке тұлғаның кімдігіне қысым жасалып, сәттілік көбіне материалдық жетістіктерден тұрады деген қазіргі қоғамда құмар ойындарды «табысты өмірге» қол жеткізудің оңай жолы ретінде қабылдап жүр. Әлеуметтік желілерде адамдар өзінің өмірін мінсіз бейне ретінде көрсетеді. Мұндай жағдай өзгелерді де осындай өмір салтына ұмтылуға мәжбүрлейді, кейде қауіпті және деструктив жолдарды таңдауына да ықпал етеді.

Шынайылықты бұрмалай қабылдау құбылысы, яғни адам «жеңіл ақша» туралы мифке сеніп, ойын процесін идеализациялай бастаған кезде пайда болады. Жолы болып, алғашқы жеңістен кейін «басыма бақ қонды» деп ойлап, тәуелділікке беріле бастайды. Мұндай тәуелділік ойын процесіне эмоциямен беріліп кетуімен ғана емес, сонымен қатар қауіп-қатерді қабылдауының өзгеруімен де күшейе түседі, яғни ұтылып қалу ықтималдығы заңдылық емес, уақытша сәтсіздік ретінде қабылдана бастайды.

«Адамдардың ойлауындағы “бұрмалануды” атап өткен маңызды. Адамдар сәттілікке немесе “жүйеге” сеніп, казиноны немесе букмекерлерді “айламен жеңуге” болады деп ойлай бастайды. Шын мәнінде құмар ойындардың нәтижесі – математикалық тұрғыда ылғи ұйымдастырушылардың пайдасы жағында».

Заң ғылымдарының кандидаты, кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл

«Иә, бұл жеңіл ақша табу иллюзиясы іспеттес. Осы құбылыс қаржылық сауаттың жоғынан, үнемі әлеуметтік желілердегі басқа адамдармен салыстырудан және жұмыс істеуге деген құлықсыздықтан туындайды».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

Осымен қатар қаржылық сауаттың төмен деңгейі ықтимал қауіп-қатерді толық түсінуге тосқауыл болады. Адамдар, әсіресе жастар, өзінің әрекеттерінің салдарын жиі бағалай бермейді және проблемаларынан қашақтау, бақылау сезімін қалыптастыру немесе қаржылық қиындықтарынан шығу құралы ретінде қарастырып, құмар ойындардың «тұзағына» түсіп қалады.

Жалпы алғанда индивидтің құмар ойындарға қатысуы арқылы жылдам ақша табуға деген ұмтылысы – бұл тек әлеуметтік және мәдени ықпалдардың нәтижесі емес, сонымен қатар тез жетістікке жетуге деген терең психологиялық қажеттілік. Бұл, соңында, тәуелділік түріндегі жойқын салдарға алып келеді.

Психологиялық әуестік

Бүгінде көптеген адам үшін ойын ақша табудың емес, эмоциялық қанағат алудың көзіне айналып отыр. Ойынға деген психологиялық әуестік ләззат алу кезінде мида белсендіретін нейромедиатор – дофаминнің бөлінуімен байланысты. Адам ақша тіккен кезде оның миы тек нәтижені күтумен ғана шектелмейді, сонымен қатар марапаттау механизмдерін белсендіреді. Бұл, тіпті жеңіс болмаса да, қанағаттану иллюзиясын тудырады.

Тәуелділікке бейім адам үшін ойын процесі өздігінен эмоциялық марапатқа айнала бастайды. Жеңіс сезімінен дәмелену, толқу мен «сәттілікті» күту – осының бәрі адреналиннің көптеп бөлінуіне әкеліп, жарқын әрі қызықты эмоциялар тудырады. Ойын барысында туындайтын осындай күш пен бақылау сезімі кейде жеңістен де маңыздырақ болуы мүмкін, өйткені жеңіс көбінесе қысқамерзімді болып, ұзақ уақытқа созылатын қанағат әкелмейді. Мұндай сезімдер есірткі немесе алкоголь сияқты психоактив заттарды тұтыну кезінде пайда болатын сезімге ұқсас екенін атап өткен жөн. Бұл жағдайда да сол бірдей нейробиологиялық процестер белсендіріледі.

«Менің ойымша, лудоманияның пайда болуына 90%-ға дейін ойын процесіне және жеңісті күтуге деген психологиялық әуестік әсер етеді. Кейбір адам үшін жеңісті тосу, яғни эмоцияның бойын кернеуі, жеңістің өзінен де құндырақ көрінеді. Сонымен қатар құмар ойындар стресс, үрей немесе депрессияны бастан өткеріп жүрген адамдар үшін эмоциялық “анестетик” рөлін атқарады. Ойын процесі оларға жағымсыз сезімдерді уақытша ұмытып, қаржылық ұтыс негізгі мақсат болмаса да, сол сәттегі эмоцияларға назар аударуға мүмкіндік береді».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

Осындай күшті эмоциялар қайталана берсе, ойынға деген психологиялық тәуелділік те дами береді. Бұл эмоциялар есірткіге тәуелділік сияқты бір нәрсеге қол жеткізу құралы емес, бір мақсатқа айналады. Кейбір жағдайда құмарлық пен жеңісті тосу қатты маңызды болып, тіпті ойынның өзі, оның қауіп-қатері мен белгісіздігін қоса алғанда, кез келген қаржылық нәтижесіне қарамастан едәуір күшті сезімдер тудырады. Бұл адамның ойынға қайта-қайта оралып, тіпті ол үшін енді ақша басты рөл атқармаса да, тағы да «сезім шыңына» жетуге құштар болатын тұйық шеңбер тудырады.

«Тіпті жеңіске жетпесе де, “келесі жолы” сәттілік өз жағында болады деген сезім шынайы жеңіс сияқты күшті эмоция тудыруы мүмкін. Бұл адамның ойын процесіне барынша кіріп кетуіне әкеледі, оның миы тек нәтижеге емес, тосуға байланысты жағымды сезімдерді де “есте сақтайды”».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

«Ойынға біздің гормондық жүйеміз де қатысады: адреналин, дофамин, эндорфиндер, кортизол. Дәл осы гормондардың арқасында адам тәуелділікке ұшырайды, себебі сол бір “гормондық коктейль” жүйке жүйесін артық эмоциялармен шамадан тыс жүктеуге ықпал етеді. Алғашқы жеңіс – ең үлкен “шың”, адам қырағылығынан айырылып, сол “шыңды” қайта сезіну үшін шектен асып кетеді».

Психолог, еңбек өтілі – 7 жыл

Көптеген психологтың пікірінше, ойын процесіне деген психологиялық әуестік қаржылық мотивациядан әлдеқайда басым және лудоманияның дамуына ықпал ететін негізгі фактор саналады. Яғни лудоманияның пайда болуының түбінде дофамин, адреналин және басқа да гормондардың бөліп, нейрехимиялық марапат механизмдерін белсендіретін ойын процесінің өзіне деген психологиялық тәуелділік бар. Бұл процесс тәуелді адам үшін өздігінен мақсатқа айналады, өйткені жеңісті тосу мен оны күтуге байланысты эмоциялар нәтиженің өзінен де маңыздырақ болады. Осылайша, эмоциялық «шыңға» деген тұрақты ұмтылыс есірткіге тәуелді болғанға ұқсас тәуелділік сақталатын тұйық шеңбердің қалыптасуына әкеледі.

Лудоманияның ауқымы мен таралуы

Қазақстанда лудомания мәселесінің өзектілігі айрықша назарды талап ететін деңгейге жетіп отыр. Сарапшылардың құмар ойындарға тәуелділіктің таралуы деңгейін бағалауы кезінде әртүрлі ақпарат беруі зерттеу әдістері мен статистикалық деректерді түсіндірудегі ерекшеліктеріне байланысты болып отыр. Дегенмен жалпы үрдіс құмар ойындарға әуес адамдар санының айтарлықтай көп екенін және көрсеткіш өсе беруі мүмкін екенін көрсетіп отыр.

Нақты және сенімді деректердің болмауы – негізгі мәселелердің бірі. Лудомания мәселесі көбінесе әлеуметтік стигматизацияға және жеке емдеу орталықтарындағы пациенттердің өз тәуелділігін ашық мойындауға дайын емесі немесе қаламауы себепті құпиялыққа байланысты жасырын қалып отыр. Бұл объективті статистиканы жинауды қиындатып, мемлекеттік саясат деңгейінде шешім қабылдауды күрделендіреді.

«Қазақстанда халықтың бұл мәселеге тартылуы бойынша ауқымды зерттеулер әлі жүргізіл-

мегендіктен нақты айту қиын. “Құмар ойындарға патологиялық әуестік” диагнозы бойынша ресми статистикалық деректерге сәйкес динамикалық бақылауда 13 пациент тұр. Жеке орталықтар бойынша ақпарат жоқ».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

«Мамандығымның тар бағытына сүйенсек, бұл мәселенің шынында да ауқымды екенін айта аламын. Алайда жеке орталықтардағы құпиялық пен адамдардың осы мәселеге ұшырап, мемлекеттік мекемелерге жүгінуге құлықсыздығына байланысты шынайы статистиканы анықтау қиын».

Психолог, аддиктолог, еңбек өтілі – 4 жыл

«Қазақстандағы жаһандану мен цифрландыру халық арасында ойынға тәуелділік деңгейін арттырып жіберді. Біздің ойымызша, құмар ойындарға әуестіктің қамтуы 50%-дан асады. Алайда ойынға қатысушылар мен тәуелді адамдардың ауқымы латент (жасырын) сипатқа ие, сондықтан оның нақты деңгейін бағалау өте қиын».

Заң ғылымдарының кандидаты, кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл

«Жалпы ересек халықтың шамамен 5-6%-ы».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

«Бұл – еліміздегі әрбір 10-шы тұрғын. Бұл – “оптимистік” болжам, оның үстіне алкоголизм мен есірткіге тәуелділікті есепке алып отырған жоқпын».

Психолог, еңбек өтілі – 7 жыл

Нақты деректердің болмауына қарамастан көптеген сарапшы жанама мәліметтерді талдау негізінде тәуелділіктен зардап шегіп жүрген адамдар саны ресми көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары болуы мүмкін екенін алға тартады. Әлемде лудоманияның таралуы бойынша зерттеулерде бұл көрсеткіш 0,12%-дан 5,8%-ға дейінгі аралықта деп бағаланады, ал орташа есеппен бұл ересек халықтың шамамен 2,95%-ынан құралады.

«Егер осы сандарды Қазақстан Республикасына бейімдесек, мәселе былай көрінуі мүмкін: тұрақты түрде ойнайтын адамдардың санын 1 875 000 адам құрайды (12,5%). Мұнда бұл сан кез келген құмар ойын (лотерея, лото, карта, дойбы, домино және т. б.) ойнайтын барлық адамды қамтитынын атап өткім

келеді; патологияның таралуы шамамен 442,5 мың адамға жетуі мүмкін (2,95%); ал құмар ойындарға тәуелділікке байланысты мәселелерді мойындайтындардың санын 36 мың адам (8,3%) құрайды».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

«Қазақстанда лудомания үлкен әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Бағалаулар бойынша, елде шамамен 36 мың адам құмар ойындарға тәуелді, ал кейбір дерекке сәйкес, бұл сан 350 мыңға дейін жетіп отыр. Мұндай адамдардың көпшілігі ауыр қаржылық қиындықтарға тап болып жүр, ал орташа қарыз сомасы 10 млн теңгеден асуы мүмкін. Құмар ойындардың кеңінен таралып кетуі және олардың заңдастырылуы мәселені ушықтырып жіберді. Одан бөлек 2020 жылы құмар ойындардан түскен табысты 89,7 млрд теңге құраса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 600 млрд теңгеден асқан, мұндай сан кейбір облыстың жылдық бюджетінен де көп. Осы деректерге сүйеніп, бұл көрсеткіш шамамен 3%-ға тең дер едім».

Экономист, ассоциированный профессор

Қазақстанда әлеуметтік желілердің мәліметтері де құмар ойындар саласына тартылудың ауқымды екенін көрсетіп отыр. Сарапшылардың пікірінше, адамдар көбінесе өзін-өзі анықтау және идентификациялау мүмкіндіктерін іздеп жүр. Бұл, әсіресе, нақты өмірде құндылықтар жүйесі немесе қолдау болмаған жағдайда тәуелділіктің өсуіне ықпал етуі мүмкін.

«Қазіргі уақытта Қазақстандағы лудомания мәселесінің айтарлықтай ауқымды екенін көріп отырмыз. Мұны ашық дереккөздерден алынған сандар мен жаңалықтар растап отыр. AiMar мәліметтері бойынша, Instagram-да шамамен 1,7 млн қазақстандықтың аккаунты спорттық тігіс тігу, казино, болжам, лото және т. с. с. қауымдастықтарға жазылған. ВКонтакте желісінде де ұқсас жағдай байқалады, осындай топтарға жазылған 1,4 млн қазақстандық аккаунтты көріп отырмыз. ВКонтакте пайдаланушыларының 517 мыңы – 30 жасқа дейінгі пайдаланушылар. Мұндай сандар адамның тәуелділігінің бар-жоғын әрқашан көрсете бермейді, бірақ адамның осы тұзаққа түсіп қалу ықтималын жақсы көрсетеді. Сонымен қатар біз пайдаланушыларды девиант қауымдастықтарға жазылым саны бойынша да анықтаймыз. Осылайша, екі әлеуметтік желінің 3,1 млн пайдаланушы-

сының ішінде: 1-ден 5-ке дейін жазылымы барлар – 3 020 554, 6-дан 10-ға дейін – 109 392, 10-нан астам – 64 329».

Консалтингтік компанияның бас директоры

Лудоманияның таралуының өзіндік ерекшеліктері

Лудоманияның пайда болуына ықпал ететін әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың сипаты көпқырлы. Негізгі факторлардың бірі – **экономикалық тұрақсыздық**. Дағдарыс, инфляция және қаржылық қиындықтар жағдайында адамдар күрделі жағдайлардан жылдам шығудың жолдарын іздей бастайды, бұл кейде оларды қаржылық мәселелерді шешудің иллюзиялық тәсілі ретінде құмар ойындарға жетелейді. Заңды түрде табыс табу мүмкіндіктің шектеулігі, әлеуметтік мобильділіктің төмендігі және әлеуметтік кепілдіктің жеткілікті болмауы жағдайында бұл қатты сезіледі. Бұл орайда құмар ойындар «тез әрі оңай байып кетудің» тәсілі ретінде қарастырылады.

Дегенмен экономикалық жағдай әрдайым шешуші фактор бола бермейтінін де атап өткен жөн. Зерттеулер көрсеткендей, лудомания табыс деңгейі әртүрлі адамдарды – кедейлерді де, бай-бағландарды да қамтуы мүмкін. Біреулер үшін негізгі фактор қаржылық қиындық болса, басқалары жеткілікті қаражаты бола тұра құмар ойындарға әуес болуы мүмкін. Бұл тәуелділіктің күрделі психологиялық аспектілері бар екенін көрсетеді.

«Ойынға тәуелділік тек қаржылық қиындықтарға тап болған адамдарға ғана тән деп айтуға болмайды. Қазіргі уақытта тәуелділікке қоғамның барлық дерлік әлеуметтік тобы ұшырап жүр».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

Әлеуметтік оқшаулану мен маргинализация да лудомания мәселесінің ауқымын арттыратын факторлар қатарында. Атап айтқанда, өзін-өзі төмен бағалау және өзін қабылдау мәселелері адамды өз құндылығын сыртқы жеңіс немесе ойындағы жетістік арқылы растау жолдарын іздеуге итермелеуі мүмкін. Нәтижесінде әлеуметтік қолдау мен байланыстан айырылған адамдар жалғыздық пен эмоциялық қажеттіліктерді өтеудің жолын іздеуге бейім келеді. Құмар ойындар шынайылықтан қашудың бір тәсіліне айналуы мүмкін, өйткені адам позитивті эмоциялардың жетіспеушілігін сезініп, ұтыс арқылы ішіндегі уақытша бос сезімін толтырады. Осы тұрғыда әлеуметтік оқшаулану мен айналасындағылармен байланыстың

болмауы тәуелділіктің пайда болуының маңызды каталитаторы бола алады.

Лудоманияға әуестік биологиялық және нейрофизиологиялық аспектілерге де байланысты. **Генетикалық бейімділік**, дофамин жүйесінің ерекшелігі және нейробиологиялық реактивтік адамның құмар ойындарға бейімді болуына әсер етуі мүмкін. Белгілі бір нейробиологиялық құрылымға ие адамдарда марапатқа деген сезімталдық жоғары болуы мүмкін, бұл олар үшін құмар ойындарды ерекше тартымды етеді. Мұндай жағдайларда марапат жүйесін ойындар арқылы ынталандыру қанағаттану мен эйфорияның айқын сезімін тудырады, бұл мінез-құлықтың қайталануына ықпал етеді.

«Егер себептері туралы айтатын болсақ, бірден бейімділік деп жауап берер едім. Қазіргі уақытта біздің студенттер нашарлық және басқа да тәуелді мінез-құлықтың алдын алумен айналысатын қоғамдық қор жүргізіп жатқан зерттеуге қатысып жатыр. Онда өте қызықты гипотезалар бар, мен сол гипотезаға келісемін және оның расталатынына үміттенемін. Гипотеза мынадай: “14 жасқа дейінгі жастардың бойында есірткіге тәуелділіктің негізі қалыптасады”. Яғни 6 мен 14 жас аралығындағы кезең іс жүзінде зерттелмейді, ал менің ойымша, дәл осы жаста үлкен қауіп бар, бұл туралы көптеген медицина қызметкері мен денсаулық сақтау саласының мамандары да айтып жүр. Мұнда тек әлеуметтік-экономикалық себептерді көріп отырған жоқпын. Мұнда басқа себептер де бар».

Әлеуметтанушы, еңбек өтілі – 12 жыл

Білім мен хабардарлықтың жетіспеушілігі лудоманияның пайда болуына қолайлы орта қалыптастырады. Көп адам нақты қауіп-қатерді түсінбестен құмар ойындарға әуестеніп, «жүйені алдап» жеңімпаз бола аламын деп ойлайды. Бұл сондай-ақ ұзақмерзімді қаржылық тұрақтылықты жоспарлау машығының жетіспеушілігіне және өзінің әрекетінің қауіп-қатері мен салдарын бағалай алмауына байланысты.

«Қазір білім алу үшін түрлі мүмкіндік бар. Мен бүгінде өткенге өкінішпен қарап, сол кездері оқымағаныма өкінетін адамдарды кездестіріп жүрмін. Өз қабілетін ешқашан дамытпағанына налитындары да бар. Сөйткенде өмірде көп нәрсе жасауға болатын еді екен деп».

Ұлттық университеттің психология кафедрасының меңгерушісі, еңбек өтілі – 29 жыл

Когнитивті-әрекеттік және психоэмоциялық механизмдер де ойынға тәуелділіктің триггері болып қала береді. Күнделікті өмірде ерекше сезім іздейтін адамдар соны құмар ойындардан табуы мүмкін. Ойынға қатысу кезінде бөлінетін адреналин мен дофамин уақытша марапат және эйфория сезімін береді, бұл ойынға қайтадан қосылуға қуатты ынталандырушы факторға айналады. Ақырында, осы эмоциялар психика үшін ең маңызды және ең зиянды факторларға айналады – ойын стресс, депрессия және өмірге қанағаттанбаушылықты басқарудың тәсілі ретінде қабылдана бастайды.

«Масая сезімі мен құмарлық күнделікті өмірдің біркелкілігінен қашуға, депрессия мен стресс жағдайын жеңуге, жаңа әсерлерді сезінуге және күнделікті күйбең тірліктен алыстауға “көмектеседі”. Мұның барлығы нейромедиаторлық дофамин және серотонин жүйелерін белсендіріп, “марапаттау” немесе “эйфория” сезімін қалыптастырады»..

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

«Құмар ойындар стресті азайтудың немесе қиын эмоциялық жағдайлардан уақытша құтылудың тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл әсіресе жұмыссыздық немесе жеке мәселелер сияқты күрделі өмірлік жағдай туғанда өзекті. Кейбір адамға қауіп-қатерге толы жағдайлар ұнайды, бұл мінез-құлық құмар ойындар арқылы көрініс табуы мүмкін».

Экономист, қауымдастырылған профессор

Лудомания – кез келген тәуелділік сияқты пайда болуына әртүрлі фактор әсер ететін көпқабатты құбылыс. Экономикалық жағдайлар – бұл құбылыстың тек бір қыры ғана. Кедейлік, білім деңгейінің төмендігі, жұмыссыздық немесе әлеуметтік оқшаулану шынында да катализатор бола алады, бірақ өздігінен жалғыз себебі бола алмайды. Мұндай жағдайларда құмар ойындар қаржылық қиындықтардан шығудың немесе өзін-өзі дәлелдеудің жолы ретінде қабылдануы мүмкін, әсіресе адамның өз жағдайын жақсартудың басқа мүмкіндіктері болмаған кезде. Дегенмен тәуелділік жоғары табысы бар адамдарда да, кедейлік жағдайында өмір сүретіндерде де пайда болуы мүмкін екенін түсінген маңызды.

Адамның құмар ойындарға қатысты мінез-құлқы – көбінесе биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Осы

аспектілердің бәрін ескере отырып, лудоманияны емдеу психотерапиялық әдістерді, әлеуметтік ортаны түзетуді, сондай-ақ жеке тұлғаның биологиялық және нейробиологиялық ерекшеліктерімен жұмыс істеуді қамту арқылы кешенді болуы қажет.

Қауіп-қатер тобына кіретіндер

Сарапшылар Қазақстандағы лудомания мәселесінің айқын әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері бар екенін алға тартады. Сол ерекшеліктерді әрі қарай зерттеп, алдын алу мен оңалту бойынша тиімді бағдарламаларды әзірлеу үшін маңызды фактор ретінде қарастыруға болады. Негізгі аспектілерінің бірі – жыныс және жас ерекшеліктері. Жалпы алғанда сарапшылардың көбі **құмар ойындарға әйелдерге қарағанда ер адамдар тәуелділікке бейім екенін** растап отыр. Кейбір сарапшының пікірінше, әйелдер тәуекелге сирек ұшырайды, өйткені олардың өмірі көбінесе отбасындағы міндеттерді және тәуекелге сақтықпен қарауды қамтып, біркелкі құрылымға негізделген.

«Біздің бақылауларымыз бойынша, ерлердің үлесі – 63,2%, ал әйелдердікі – 36,8%. Бұл – ВКонтакте әлеуметтік желісіндегі лудомания тақырыбындағы қауымдастықтардың жазылушылары арасындағы қатынас. Ерлер спорт, тігістер, болжамдар мен капперлер, сондай-ақ онлайн-казиноға қатысты контентті көбірек тұтынады. Әйелдердің көрсеткіші тек “Лотерея” санатында басым: 53,8%-ы әйелдер және 46,2%-ы ерлер».

Консалтингтік компанияның бас директоры

«Құмар ойындарға әйелдерге қарағанда ер адамдар көбірек бейім».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

«Қазақстанда да басқа елдердегідей жағдай болуы мүмкін: зерттеулер ерлердің қатысу деңгейінің жоғары екенін көрсетеді, себебі олар тігістерге жиі әуестенеді, ал тәуекелге бейімділік – олардың мінез-құлқына тән қасиет».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

«Әйелдердің өзге де міндеттері болғандықтан олардың казиноға немесе басқа да іс-шараларға баруға уақыты жоқ. Бірақ кейбір жеке жағдайда әйелдер де мұндай тәуелділікке ұшырап жатады».

Ұлттық университеттің психология кафедрасының меңгерушісі, еңбек өтілі – 29 жыл

Лудоманияға ең бейім жас тобы – жастар. **Негізінен 18 бен 35 жас аралығындағы адамдар.** Жастардың қаржылық ахуалы тұрақсыз әрі тәуекелге бейім болғандықтан, әсіресе, онлайн платформалар мен тігістерге арналған танымал мобильді қосымшалардың қолжетімділігін ескерсек, олар құмар ойындарға деген әуестікке әлдеқайда осал келеді. Жас адамдар ұтысқа бір рет ие болып, кейінгі шығындар мен мәселенің ушығуына қарамастан жиі одан әрі ойнауға ынталанып, тұзаққа түсіп қалады. Ал үлкен жастағы буын көбінесе дәстүрлі құмар ойын түрлеріне, мысалы, казиноларға жүгінеді, бірақ олардың жалпы әуестік деңгейі жастарға қарағанда төмен.

«Жас топтарына қатысты айтатын болсақ, ашық дереккөздерден мынадай көріністі байқаймыз: пайдаланушылардың 57,63%-ы 18 бен 30 жас аралығындағы адамдарды, 30 жастан асқандарды 39,13%-ы, ал 18 жасқа толмағандарды 3,24% құрайды».

Консалтингтік компанияның бас директоры

«Менің тәжірибемде бұл – көбіне 18 жастан асқан ер адамдар, азиаттар».

Психолог, еңбек өтілі – 7 жыл

«Бұл көбіне 18 бен 30 жас аралығындағы ер адамдар болуы мүмкін».

Психолог, аддиктолог, еңбек өтілі – 4 жыл

«Жастар спорттық тігістер немесе онлайн ойындар сияқты құмар ойындарға, ал аға буын казиноға баруға көбірек бейім».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

«18 бен 35 жас аралығындағы жастар құмар ойындарға үлкендерге қарағанда көбірек әуес болады. Бұл онлайн платформалардың қолжетімділігімен, қаржылық сауатсыздықпен және импульсив шешім қабылдауға бейімділікпен байланысты. Дегенмен егде жастағы жалғыздық немесе қаржылық қиындыққа тап болған адамдар да қауіп-қатер тобына кіруі мүмкін».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

Бұдан басқа әлеуметтік-экономикалық мәртебе де – лудоманияның пайда болуына әсер ететін маңызды фактор. Сарапшылардың айтуынша, табыс деңгейі төмен, қаржылық қиындықтары мен психо-

эмоциялық мәселелері бар адамдар тәуелділікке бейім келеді. Қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмау немесе оқшаулану сезімі адамды құмар ойындардан шешім іздеуге итермелеуі мүмкін. Осы факторлар депрессия және мазасыздық бұзылыстарынан зардап шегетін адамдар арасында да тәуелділіктің пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Бұл құмар ойындарға тәуелді адамдардың бет-бет келіп жүрген психологиялық жағдайының күрделі екенін де көрсетеді.

«Тәуелділік жасөспірімдер, ер адамдар, экономикалық жағдайы және білім деңгейі төмен азаматтар арасында жиі кездеседі».

Экономист, қауымдастырылған профессор

«Жасөспірімдер мен жастар, табыс деңгейі төмен немесе қаржылық қиындықтары бар адамдар, психикалық бұзылыстар немесе эмоциялық мәселелері бар адамдар, сондай-ақ тәуелділікке бейімділігі бар тұлғалар. Жалпы құмар ойындарға ер адамдар, әсіресе жастар көбірек әуес болады. Ғылыми дереккөздерде этностық және мәдени топтар, мигранттар мен азшылық өкілдері лудоманияға бейімірек екені айтылады. Әлеуметтік-экономикалық жағдай да – әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштің бір бөлігі».

Заң ғылымдарының кандидаты, кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл

«Депрессиядан, мазасыздық бұзылыстарынан зардап шегетін, өзін-өзі төмен бағалайтын адамдар құмар ойындарға бейім келеді».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

Қазақстанда түрлі этностық топтар болғанымен, мамандардың көбінің пікірінше, құмар ойындарға тәуелділіктің қалыптасуында этностық тиесіліліктен гөрі әлеуметтік-экономикалық жағдай, жас және жыныс әлдеқайда маңызды рөл атқарады.

«Қазақстанда этностық тиесілілік анықтаушы фактор емес деп ойлаймын».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

«Қазақтардың үлесі халық санының 90%-на жақындағанына байланысты олардың саны да көп. Қазір бізде шамамен 70-80%-ды құрайды, халық са-

нының көп болғанына орай олар да көп. Бірақ ұлдар, әрине, көбірек».

Әлеуметтанушы, еңбек өтілі – 12 жыл

Қазақстандағы лудомания мәселесі жас, жыныс, әлеуметтік-экономикалық жағдай және жеке тұлғаның психологиялық күйі сияқты негізгі факторлармен айқындалатын көпқырлы әлеуметтік проблема саналады. Осы факторларды түсіну қауіп-қатер тобына кіретіндерге бағытталған, яғни жастарға, ер адамдарға, табыс деңгейі төмен адамдарға және психозмоциялық қиындықтарды бастан кешіріп жүргендерге арналған алдын алу және оңалту бағдарламаларын әзірлеу үшін маңызды.

Лудомания мен урбанизация арасындағы байланыс

Сарапшылардың лудомания мен урбанизацияның өзара байланысы туралы пікірлерінің нәтижесі елді мекеннің түріне байланысты тәуелділіктің таралуына әсер ететін бірнеше негізгі аспектіні анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Сарапшылардың көбі лудоманияның ауылдық елді мекендерге қарағанда ірі қалаларда жиі кездесетінін алға тартып отыр. Бұл құбылысты урбанизациямен тікелей байланысты бірнеше фактормен түсіндіруге болады. Біріншіден, ірі қалаларда құмар ойындарға, соның ішінде физикалық және онлайн форматтарда қолжетімділік әлдеқайда жоғары. Мұнда цифрлық инфрақұрылым айтарлықтай жоғары деңгейде дамғандықтан интернет-тігістер мен онлайн-казиноға тәулігіне 24 сағат бойы қолжетімді.

Стресс деңгейі, әлеуметтік оқшаулану және экономикалық қиындықтар жоғары болатын ірі қалалардың әлеуметтік-экономикалық контекстін де ескерген маңызды. Қаржылық мәселелер немесе эмоциялық ауыртпалықтарды бастан кешіріп жүрген адамдар шынайылықтан қашудың жолдарын іздеуі мүмкін, ал құмар ойындар – осындай жолдардың бірі. Стресс пен болашаққа деген сенімсіздік жағдайында лудомания өзіндік психологиялық «пана» ретінде қызмет ете алады. Сонымен қатар анонимділік деңгейі жоғары және әлеуметтік мобильді қалалық ортада адамдар айналадағы қысымды аз сезінеді, бұл тәуелділіктің дамуын жеңілдетеді.

«Лудомания әсіресе ірі қалаларда жиі кездеседі. Бұл құмар ойындардың, соның ішінде онлайн және физикалық форматта (казино, ойын автоматтары, букмекерлік кеңселер) қолжетімділігінің жоғары деңгейіне байланысты. Ірі қалаларда сонымен қатар стресс деңгейі жоғары, әлеуметтік оқшаула-

ну және экономикалық қиындықтарға тап болған адамдар көп, бұл тәуелділіктің дамуына ықпал етуі мүмкін. Ірі қалаларда лудоманияға тап болу ықтималдығы жоғары, бұл құмар ойындарға арналған инфрақұрылымның дамығандығына, анонимділік мүмкіндіктерінің молдығына және әлеуметтік мобильділіктің жоғары деңгейіне де байланысты».

**Заң ғылымдарының кандидаты,
кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл**

«Иә, тәуелділік бар. Оның таралуы үлкен қалаларда шағын қалаларға немесе ауылдық өңірлерге қарағанда жоғары».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

«Ірі қалаларда тәуелді болып қалғандар жайлы тақырыптар жиірек кездеседі, бірақ кей қалада көп не аз екенін байқаған жоқпын».

Психолог, еңбек өтілі – 7 жыл

Кейбір сарапшының пікірінше, урбанизацияның және құмар ойындардың қолжетімділігінің әсері шағын қалалар мен ауылдық аймақтардың тұрғындарына да әсер етеді, әсіресе бұл өңірлер заңды ойын аймақтарының жанында орналасқан болса. Мысалы, Қапшағай мен Щучинск сияқты ойын аймақтарына жақын орналасқан елді мекендерде. Жақын маңдағы ауылдар мен шағын қалалардың тұрғындары тәуелділікке оңай ұшырауы мүмкін.

«Әзірге зерттеулер жоқ болғандықтан нақты айту қиынға соғады – интернет қазір барлық жерде қолжетімді. Ірі қалаларда құмар ойындарға қатысу мүмкіндіктері көбірек деген болжам жасауға болады. Мұнда букмекерлік кеңселер, ойын клубтары көбірек шоғырланған, сондай-ақ интернетке қолжетімділік дамыған. Сонымен қатар заңды ойын аймақтарының жанында орналасқан (мысалы, Қапшағай мен Щучинск) шағын қалалар мен ауылдардың тұрғындары да осындай қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін».

**Психиатр, Ақпараттық-талдамалық
мониторинг орталығының жетекшісі,
еңбек өтілі – 21 жыл**

Сарапшының пікірінше, шағын елді мекендерде құмар ойындарға қолжетімділік шектеулі болғанына қарамастан (мысалы, ірі казинолар мен букмекерлік кеңселердің жоғы) құмар ойындарға тәуелділік бар. Бірақ ол шектеулі ақпарат пен оңалту орталықтарына қолжетімділіктің жоғына байланысты аса байқалмайтын немесе жасырын түрде болуы мүмкін

«Шағын елді мекендерде құмар ойындарға қолжетімділік шектеулі, бірақ тәуелділік жасырын түрде болуы мүмкін, әсіресе оңалту қызметтеріне әрдайым қол жеткізе алмайтын жастар арасында».

**Заң ғылымдарының кандидаты,
кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл**

Дегенмен урбанизацияның әсері әрдайым бір-жақты бола бермейді деген пікір де бар. Кейбір сарапшы ірі және шағын қалалар арасында немесе географиялық ерекшеліктерге байланысты лудоманияның таралуында айтарлықтай айырмашылықты байқамаған. Бұл спортқа тігіс тігу мен ойындарға арналған мобильді қосымшалар мен интернеттің қолжетімділігі барлық дерлік жерде бар болуына байланысты болуы мүмкін. Бұл ірі және шағын елді мекендер арасындағы айырмашылықты азайтып отыр. Интернет барлық жерде қолжетімді болған қазіргі заманда «цифрлық урбанизация» шалғай өңірлердің тұрғындарына да үйінен шықпай-ақ құмар ойындарға қатысуға мүмкіндік беріп отыр.

«Географиялық ерекшеліктер туралы айтамын болсақ, менің ойымша, олардың ешқандай әсері жоқ. Студенттерімнің жобаларына дейін мен нашақорлық, лудомания және басқа тәуелділік түрлері тек ірі қалалардың мәселесі деп ойлайтынмын, бірақ қазір сауалнамалардың нәтижесін көріп, ешқандай айырмашылық жоқ екенін түсініп отырмын. Айырмашылық тек тарату арналарында байқалып отыр. Мысалы, қалада есірткі саудасы Telegram-арналар, “закладкалар” арқылы жүзеге асады, ал шағын қалалар мен ауылдық жерлерде мұның бәрі қолжетімді. Лудоманияға қатысты жағдай да осындай деп ойлаймын».

Әлеуметтанушы, еңбек өтілі – 12 жыл

Кейбір сарапшының айтуынша, Қазақстанның батыс өңірлерінде лудомания мәселесі бойынша өтініштер санының көп болғаны байқалыпты. Бұл жағдай осы өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшеліктеріне, сондай-ақ адамдарға құмар ойындарға лезде әуестенуге мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялардың қолжетімділігіне байланысты болуы мүмкін.

«Иә, бар, мысалы, кейінгі жылдары Қазақстанның батыс өңірлерінен көптеген өтініш келіп түсуде».

Психолог, аддиктолог, еңбек өтілі – 4 жыл

Бүгінгі таңда ірі қалаларда лудоманияның кең таралуына ықпал ететін негізгі факторлар – құмар ойындардың жоғары қолжетімділігі, дамыған инфрақұрылым, сондай-ақ қалалық өмірге тән әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен стресс деңгейі. Алайда жаһандану және цифрландыру жағдайында ірі және шағын қалалар арасындағы бұл айырмашылық азайып келеді, ал интернеттің адамдардың мінез-құлқына әсері құмар ойындарға тәуелділіктің таралуындағы шешуші факторлардың біріне айналып отыр.

Құмар ойындар туралы хабардарлық пен оның таралуы

Қазақстанда құмар ойын бизнесі клиенттері арасында құмар ойындардың заңдылығы туралы хабардарлық деңгейі жалпы алғанда төмен болып отыр. Ойын индустриясын реттейтін заңнаманың барына қарамастан халықтың көпшілігі құқықтық нормалар туралы жеткілікті біле бермейді. Бұл ақпараттық саясаттың және халық арасындағы құқықтық сауаттың тиімділігінің төмен деңгейіне байланысты, яғни екі-жақты фактор. Нәтижесінде **ойыншылар заңсыз платформаларға оңай түсіп**, ықтимал заңдық және қаржылық қауіп-қатерді түсіне бермейді.

Бұл орайда сарапшылар құмар ойындардың заңдылығы туралы хабардарлық тұтынушылардың таңдауына тек бастапқы кезеңдерде ғана әсер етуі мүмкін екенін алға тартып отыр. Кейінірек, ойынға тәуелділік қалыптасқан кезде, тыйымдар мен құқықтық салдарды түсіну тежеуші фактор болудан қалады. Бұл, әсіресе, жастар арасында заңсыз ойындарға әуестену мен тәуелділіктің алдын алуға бағытталған ақпараттандыру және профилактиканың маңызды екенін көрсетеді.

«Қазіргі жағдайға қарасақ, Қазақстандағы құмар ойындардың белгілі бір түрлерінің заңдылығы туралы қарапайым тұтынушылардың хабардар болу деңгейі өте төмен деп болжауға болады».

**Заң ғылымдарының кандидаты,
кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл**

«Адам теледидардан жарнама көрсе, демек мемлекет оны мақұлдап отыр».

**Психология кафедрасының меңгерушісі,
еңбек өтілі – 29 жыл**

«Құмар ойындардың тұтынушысы оның заңды я заңсыз екенін толық ажыратып жатпайды. Бізде бұл мәселе ешқандай түрде түсіндірілмейді. Ақпараттық саясат мүлде жүргізілмейді. Құмар ойындар мәселесі үлкен “құпия” астында тұрғандай әсер қалдырады».

**Білім беру бағдарламасының жетекшісі,
еңбек өтілі – 12 жыл**

«Тәжірибеме сүйенсем, біздің пациенттердің ішінен тек бірен-сараны ғана өзіне не болып жатқанын түсінуге қатысты қандай да бір құқықтық білімі болды».

**Психиатр-нарколог дәрігер,
медицина ғылымдарының кандидаты,
еңбек өтілі – 21 жыл**

Құмар ойындардың жарнамасы ойындарға деген қызығушылықты қалыптастыруға және ойынға тәуелділіктің дамуына айтарлықтай әсер етіп жатыр. Сарапшылар жарнама көлемін азайту лудоманияға шалдығу санын азайтуы мүмкін деген пікірді ұстанады, себебі бұл құмар ойындарға елігуді азайтып, соған байланысты эмоциялық триггерлердің әсерін кемітеді. Бұл, әсіресе, әлеуметтік желілер мен медиадағы жарнаманың ықпалына түскен жастар үшін өте маңызды.

«Құмар ойындардың жарнамасы адамдардың құмар ойындарға деген көзқарасының қалыптасуына және лудоманияның дамуына елеулі әсер етеді. Құмар ойындардың жарнамасын азайту, сөзсіз, адамдардың жаңадан тәуелді болуы санын, әсіресе жастар мен осал топтар арасында, азайтуы мүмкін. Дегенмен лудоманиямен тиімді күресу үшін жарнаманы реттеуді ғана емес, сондай-ақ хабардарлықты арттыру, психологиялық қолдау көрсету, тәуелділіктің алдын алу және оңалту жағдайларын жасау сияқты кешенді тәсіл қажет».

**Заң ғылымдарының кандидаты,
кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл**

«Жарнама сөзсіз әсер етеді. Иә, жарнама азайса, лудомандардың саны да азаюы мүмкін. Бірақ мұндағы мәселе тек жарнаманың өзінде емес: ол жастардың құндылықтар жүйесіндегі бос орындарды толтыруға ғана қызмет етеді. Мәселе жарнаманың таралуынан әлдеқайда терең қыртыста жатыр».

**Білім беру бағдарламасының жетекшісі,
еңбек өтілі – 12 жыл**

«Жарнамалық кампаниялар эмоциялық триггерлердің бәрін пайдаланып, құмар ойындарға бұрын-соңды қызығушылық танытпаған адамдарды да тартуға бағытталған. Ал тәуелділігі бар адамдар үшін жарнамалық билбордтар, телехабарлар мен басқа да триггерлер жаңа тігіс жасауға итермелеп, ойыннан бас тарту процесін айтарлықтай қиындатып жібереді».

**Психиатр-нарколог дәрігер, медицина
ғылымдарының кандидаты, еңбек өтілі – 21 жыл**

«Біз құмар ойындардың жарнамасы айтарлықтай ықпал етеді деп есептейміз. Ол жеңіл табыс пен құмар ойындардың ойын-сауық ретіндегі тартымды иллюзиясын қалыптастырады. Бұл, әсіресе, әлеуметтік желілер мен басқа да медиадағы жарнаманың ықпалына бейім жастар арасында анық байқалады».

Консалтингтік компанияның бас директоры

Сарапшылар тек жарнаманы реттеу лудомания мәселесін шешуге жеткіліксіз екенін алға тартып отыр. Мәселеге кешенді көзқараспен қарау қажет, ол маркетингке тыйым салумен қатар, халықтың құқықтық және психологиялық сауатын арттыруды, бос уақытты тиімді өткізу мен өзін-өзі дамытуға арналған баламалы мүмкіндіктерді жасауды қамтуға тиіс. Сонымен қатар тәуелділікке ұшырағандар үшін қауіп-қатерді азайту және қоғамға құмар ойындардың орнына пайдалы балама ұсыну мақсатында алдын алу және оңалту бағдарламаларын дамытқан маңызды.

Сарапшылар **заңды және заңсыз құмар ойын операторларының жарнамасы арасында елеулі айырмашылық бар екенін** растап отыр. Бұл айырмашылық лудоманияның пайда болуы деңгейіне тікелей әсер етеді. Заңды операторлар заңнама аясында жұмыс істейді, бұл оларға қатаң жарнама ережелерін сақтау, соның ішінде жас шектеулері мен құмар ойындардың қауіп-қатері туралы хабардар ету міндетін жүктейді. Олар сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қолжетімділік бермеу және ойынға тәуелділігі бар адамдарға көмек көрсету қызметтері туралы ақпарат беру сияқты қорғаныс шараларын енгізуге міндетті. Бұл халықтың осал топтарының әуестенуі қаупін азайтып, құмар ойындарға неғұрлым жауапты көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Ал заңсыз операторлар, керісінше, ешқандай ережеге бағынбай, агрессиялы маркетингтік стратегия қолданып, ойыншыларды барынша тартуға

тырысады. Олардың жарнамасы үлкен және жылдам ұтыстарды уәде етіп, кейінгі салдарын айтпай пайдаланушыларды көбірек тартуға бағытталған. Мұндай жарнама кез келген уақытта қолжетімді, аноним және жасын тексеруді қажет етпейді, бұл әсіресе жастар мен кәмелетке толмағандар үшін қауіпті. Осындай платформалар тәуелділіктің пайда болуы қауіпін арттырып қана қоймай, ойыншылар үшін жағымсыз салдарын күшейтетін алаяқтық пен төлем кепілдігінің жоғына да байланысты. Осылайша, заңды және заңсыз операторлардың жарнамасындағы айырмашылықтар қауіп-қатер деңгейіне әсер етеді және заңсыз ойын жарнамасын шектеу лудоманиямен күресте маңызды қадам бола алады.

«Заңды құмар ойын операторлары, әдетте, қатаң белгіленген заңнама аясында жұмыс істейді, ойыншылардың қауіпсіздігі мен қорғау нормаларын сақтауға міндетті. Мұндай операторлардың жарнамасын мемлекеттік органдар реттейді, бұл жарнама мазмұнына, негізгі аудиторияға және материалдарды тарату жиілігіне белгілі бір шектеу қояды білдіреді. Заңды операторлар өз пайдаланушыларын құмар ойындардың қауіп-қатері туралы хабардар етуге, кәмелетке толмағандарға ойынға қол жеткізуді шектеуге, сондай-ақ ойынға тәуелділік жағдайында көмек көрсету қызметтері туралы ақпарат беруге міндетті. Заңсыз құмар ойындардың жарнамасы тек бір мақсатты көздейді – жоғарыда аталған салдарды елемей, мүмкіндігінше көп адамды ойынға тарту».

**Заң ғылымдарының кандидаты,
кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл**

«Мен лудоманиямен күрес тұрғысынан ешқандай айырмашылық көріп тұрғаным жоқ. Лудоман үшін оның заңды я заңсыз болуының не маңызы бар?».

**Терапевт-дәрігер, аддиктолог,
еңбек өтілі – 10 жыл**

«Заңсыз ұйымдар үшін таразының бір жағында мемлекет заңдарын орындамау, салық төлемеу, күмәнді әрі бақыланбайтын жүйе, төлем кепілдігінің болмауы, сондай-ақ алаяқтық пен қылмыстық әрекеттер болса, екінші жағында анонимділікке уәде беру, лезде қолжетімділік, жас шектеулерінің жоғы, мессенджерлер мен жабық сайттар арқылы өз тәуелділігін жасыру

мүмкіндігі тұр. Ірі әрі ресми букмекерлік компаниялардан ақшаны екі тәсілмен шығаруға болады: банк картасы арқылы – бұл үшін өз әуестікті басқа адамға ашуға тура келеді, немесе ақшаны кассадан алу. Бұл жағдайда ойыншының идентификациялық коды мен кәмелетке толғанын растау үшін жеке куәлігі талап етіледі. Ал “заңсыздарда” бәрі әлдеқайда оңай, олар жас шамасын сұрамайды, ал ойыншы, өз кезегінде, олардың лицензиясы мен заңдылық дәрежесі туралы сұрамайды».

**Консалтингтік компанияның
бас директоры**

Сарапшылардың пікірінше, лудоманияның ең жиі кездесетін түрлері онлайн-казино, спортқа тігіс қою, слоттар мен покерге байланысты. Бұл құмар ойын түрлері тәуелді адамдарды ауыр қаржылық және психологиялық мәселелерге жетелейді. Лудоманияны емдеу айтарлықтай уақыт пен ресурстарды қажет етеді. Оңалту процесі бірнеше айдан бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін және тәуелділік деңгейіне, әлеуметтік мәртебеге және отбасының қолдауына байланысты болады. Оңалып, қайта адам болудың кілті – психотерапия мен әлеуметтік бейімделуді қамтитын кешенді тәсіл.

Лудомандарды емдеу алкогольдік немесе есірткіге тәуелді адамдарды емдеуге қарағанда қиынырақ екенін ерекше атап өткен жөн. Бұл лудомандардың өз проблемасын мойындаудан бас тартуына байланысты, сәйкесінше, бұл емдеу процесін баяулатып жібереді. Сарапшылар тиімді оңалту ұзақмерзімді оқшаулауды және қарқынды психотерапияны қажет ететінін баса айтады. Сонымен қатар емдеп шығару отбасы мен жақындарының қолдауынсыз мүмкін емес, өйткені олар да осы тәуелділіктің салдарынан зардап шегеді.

«Онлайн-казино, слоттар, спортқа тігіс қою және покер көбінесе терең және жойқын тәуелділіктің қайнар көзіне айналады. Лудоманиядан емделу уақытына көптеген фактор әсер етеді».

**Заң ғылымдарының кандидаты,
кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл**

«Ең жиі кездесетіні – букмекерлік кеңселер. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін маған кемінде 3 ай қарқынды жұмыс істеу қажет».

**Терапевт-дәрігер, аддиктолог,
еңбек өтілі – 10 жыл**

«Мысалы біздің студенттер оңалту тәжірибесінен әдетте алты айдан көп мерзімде өтеді. Өкінішке қарай, бірде-бір мемлекеттік немесе әскери қызметкер барлығын тастап, алты ай бойы емделуге уақыт таба алмайды».

**Психология кафедрасының меңгерушісі,
еңбек өтілі – 29 жыл**

«Мен осындай адамдарды екі жеке оңалту орталығында көрдім, біреуі Алматы облысында, екіншісі Алматы қаласында. Ең бастысы, лудомандарды, сондай-ақ алкоголиктерді емдеу нашақорларды емдеуге қарағанда әлдеқайда қиын. Барлық дәрігер солай дейді».

**Білім беру бағдарламасының жетекшісі,
еңбек өтілі – 12 жыл**

«Оқшаулау маңызды болғандықтан мұндай адамдарды емдеу оңай емес. Сонымен қатар ұзақ психотерапия қажет. Көбіне жақындары мен туыстары зардап шегеді. Ойынға тәуелді адамның өз тәуелділігінің салдарына көз жеткізуі ұзақ уақытты алады, өйткені ол мәселені жоққа шығарады. Психологиядағы анозогнозия – бұл пациент өзінің ауруын жоққа шығарып, елемей немесе өз жағдайын бағаламайтын клиникалық құбылыс. Бұл тәуелділік онлайн форматтағы “бұлттан” бастап, әртүрлі онлайн букмекерлік кеңседегі тігістерге дейін қамтиды».

Практик-психолог, еңбек өтілі – 6 жыл

«Кез келген тәуелділікті емдеу уақыт пен ресурсты талап етеді. Лудомания созылмалы бұзылыстар қатарына жататындықтан қалпына келтіру процесі әдетте бірнеше айдан бірнеше жылға дейін созылады. Бұл тәуелділік деңгейі мен адамның оңалтуға деген ынтасына байланысты. Емдеу кешенді болып, сапалы психотерапияны, мамандар мен отбасының қолдауын қамтығаны маңызды».

Психиатр-нарколог дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты, еңбек өтілі – 21 жыл

«Көбіне қиындықтар үлкен несиелік қарыздарға және қаржылық қиындықтарға байланысты туындайды, сонымен қатар мемлекеттік мекемеге жүгінуден бас тарту себебі де жиі кездеседі, өйткені тіркеуге алынудан қорқады. Бұған қоса, нақты көмек көрсетіп, тегін қызмет ұсынатын мекемелер саны өте аз».

Психолог, аддиктолог, еңбек өтілі – 4 жыл

«Әңгіме әрқашан толық сауығу туралы емес, тек ең ауыр салдарды шектеу туралы болуы мүмкін. Отбасының, қоршаған ортаның қолдауы, сондай-ақ арнайы бағдарламалар мен психологтардың көмегі сәтті қалпына келтіру үшін қажет».

Консалтингтік компанияның бас директоры

«Құмар ойындарға тәуелді адамдар көбіне қаржылық қиындықтарды, әлеуметтік оқшауланды және отбасылық дағдарыстарды бастан кешіреді».

Қауымдастырылған профессор

Қазақстанда лудомания мәселесін шешу үшін құқықтық сауатты арттыру, жарнаманы реттеу, психологиялық сауат деңгейін көтеру және бос уақытты өткізудің баламалы түрлерін ұйымдастыруды қамтитын кешенді стратегия енгізу қажет. Сонымен қатар тәуелділікке тап болған адамдарға көмек көрсету және мәселенің одан әрі таралуының алдын алу үшін профилактика және оңалту бағдарламаларын дамытқан жөн.

Құмар ойындардың ең көп таралған түрлері

Сарапшылар сұхбат барысында Қазақстанда көп таралған құмар ойын түрлерінің ішінде букмекерлік кеңселерде спортқа тігіс қою мен киберспорт жетекші орын алатынын алға тартты. Бұл құбылыс тігістерге арналған онлайн платформалардың қолжетімділігінің артуымен, сондай-ақ халықтың спорттық және киберспорттық оқиғаларға деген қызығушылығының өсуімен түсіндіріледі.

«Бәрі картадан, шахматтан басталады (қызығушылық үшін ойнайды, бірақ уақыт өте қызықсыз болып қалады), кейін тігістерге (спорттағы оқиғалар және т. б.) көшеді».

Психолог, еңбек өтілі – 7 жыл

«Букмекерлік кеңселер мен спорттық тігістер, казино».

Экономист, қауымдастырылған профессор

«Спортқа тігіс қою немесе киберспорт, ойын автоматтары».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

«Букмекерлік кеңселер мен онлайн-казино».

Психолог, аддиктолог, еңбек өтілі – 4 жыл

«Онлайн-тігістер, спортқа тігіс қою мен лотереялар ең кең таралған түрлері. Спортқа ұтыстар, әсіресе букмекерлер арқылы жасалатындары, табыс әкелуі мүмкін қызықты ойын-сауық ретінде қабылданғандықтан таны-мал».

Консалтингтік компанияның бас директоры

«Тәжірибеме сүйене отыра біздің пациенттердің көпшілігінде түрлі спорт түріне тігіс қойып, онлайн платформаларды қолдануға байланысты проблемалар болғанын айта аламын. Ойын автоматтарында ойнау – екінші орында».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

«Бізде, бәлкім, футбол ойыны барысында тігіс қоймаған адам жоқ шығар. Ер адамдар, әрқайсы, ең болмағанда бес мың теңге болсын тігеді. Біреу дер кезінде тоқтайды. Ал біреу тоқтамайды, әрі қарай кетіп қалады. Осы спорттық тігістер өте қауіпті. Оған қоса елімізде бір мәселе бар. Шексіз жарнама. Көлікте келе жатып радионы қоссаң, онда париматч, олимп бет туралы жарнама жүріп жатады. КТК-ны қоссаң, ол жерде де үнемі осындай жарнама көрсетіледі».

Ұлттық университеттің психология кафедрасының меңгерушісі, еңбек өтілі – 29 жыл

Бұл ретте онлайн-казино мен ойын автоматтарының танымалдығы атап өтіледі. Бұл ойындардың кең таралуы олардың жоғары қолжетімділігі мен ыңғайлығына байланысты, өйткені көптеген пайдаланушы интернеттің көмегімен үйде отырып-ақ құмар ойындарға қатыса алады. Сарапшылардың пікірінше, ойыншыларды тарту үрдісі ересектермен қатар жастарды да қамтып, айтарлықтай кеңейіп жатыр. Бұл мобильді қосымшаларды пайдалану және бонус ұсынатын жарнамалық акциялар арқылы жүзеге асады. Мұндай қолжетімділік пен маркетингтік стратегиялар жастар арасында осы құмар ойын түрлеріне деген қызығушылықтың өсуіне ықпал етіп жатыр. Бұл жағдай жастардың психоэмоциялық жағдайы мен қаржылық әл-ауқатына ықтимал теріс әсерлері туралы алаңдаушылық тудырады.

«Түрлі онлайн ойындарды көремін. Бұрын көшеде автоматтар тұратын, ал қазір онлайн ойындарға, слоттарға көшкенін байқап жүрмін. Қазіргі уақытта барлығы дерлік онлайн форматта қолжетімді».

Әлеуметтанушы, еңбек өтілі – 12 жыл

«Қазақстанда құмар ойындар заңнамамен реттеледі және қазіргі уақытта елде заңды түрде ұсынылатын бірнеше танымал түрлері бар: казино, ойын автоматтары, букмекерлік кеңселер мен спортқа тігістер, лотереялар, онлайн-казино және интернеттегі құмар ойындар».

Заң ғылымдарының кандидаты, кафедра доценті, еңбек өтілі – 25 жыл.

«... елестетіңізші, осы жарнама үнемі көз алдыңда пайда бола береді. Әрине, “бұл қандай тігістер?” деп ойлай бастайсың. Ал телефоныңа “Саған жүз мың бонус сыйлаймыз” деген хабарлама келгенде ше? Елестетіп көріңіз, жүз мың бонус. Бірақ бұл жайдан-жай берілмейді. Не себепті жүз мың бонус берілді? Бұл ойынға тарту механизмі сияқты. Ал өмірінде қуанышы аз немесе мүмкіндігі шектеулі адам үшін бұл аспаннан түскен сыйлық сияқты көрінеді. Олар ойланып қалады. Неге байқап көрмеске?».

Ұлттық университеттің психология кафедрасының меңгерушісі, еңбек өтілі – 29 жыл

Сарапшылар түрлі инвестициялық схеманы, яғни қаржы пирамидаларын да атап өтті. Бұл түр дәстүрлі құмар ойындарға толық сәйкес келмесе де, сарапшылар қаржы пирамидаларының жылдам әрі үлкен табысты уәде етіп, тәуелділік қалыптастыруда рөл атқаратынын алға тартады. Адамдар көбіне оларды «жеңіл табыс» алудың тәсілі ретінде қабылдайды, бұл өз кезегінде қаржылық шығындарға және тәуелділікке әкелуі мүмкін. Мұндай схемалар, әсіресе, заңды қаржылық өнімдер ретінде жасырынып, тәжірибесіз инвесторлар үшін қатты тартымды болады.

«...инвестициялар арқылы тартылатындар бар. Есімде, бізде қаржы пирамидаларына ақша сал деген жағдайлар болды. Қаншама адам алданып қалды, өйткені бәрі «жеңіл ақшаны» қалайды. Бәрі тіпті пәтерін сатып, сол ақшаны салуға дайын болды. Өйткені қайтарымы жылдам болады деп

сенеді. Бірақ кез келген пирамидада тек ең жоғарғы деңгейдегілер ғана үлкен ақша табады. Инвестициялар да қандай да бір рөл атқарады және олар да лудоманияға әкелуі мүмкін. Сондықтан адамдар бәрінен айырылып қалады».

Ұлттық университеттің психология кафедрасының меңгерушісі, еңбек өтілі – 29 жыл

Жалпы сарапшылардың пікірінше, кейінгі жылдары елде онлайн-казино мен букмекерлік кеңселердің танымалдығы айтарлықтай өскен. Бұл интернеттің, мобильді технологиялардың дамуы және виртуал платформаларға қолжетімділіктің кеңейгеніне байланысты. Соның салдарынан лудомания мәселесі де жаңа деңгейге шығып жатыр: бір жағынан, интернет арқылы құмар ойындардың қолжетімділігі адамдардың осы әрекетке көбірек тартылуына ықпал етсе, екінші жағынан, мемлекеттік органдар тарапынан қатаң бақылаудың болмауы және цифрлық құмар ойын платформаларын реттеудің әлсіздігі пайдаланушылар арасында тәуелділіктің дамуына ықпал етіп жатыр. Әсіресе, жасөспірімдер мен жастар құмар ойындарға байланысты барлық қауіп-қатерді түсінбей, осал топ қатарына еніп отыр. Бұл денсаулық сақтау мен білім беру салалары, құқық қорғау органдарына елдегі лудоманияның әлеуметтік және экономикалық салдарын азайтуға бағытталған кешенді шараларды әзірлеу бағытында елеулі сын-қатерлер туғызып отыр.

Лудоманияның таралу перспективалары

Лудоманияның болашақта таралуы ұлттық дамуының қазіргі жағдайындағы әлеуметтік сын-қатердің кеңеюіне байланысты. Ең алдымен, бұл интернет пен мобильді құрылғылар арқылы құмар ойындарға қолжетімділікке қатысты болып отыр. Қазіргі заманғы технологиялар ойындарды қолжетімдірек ете түсті, ал онлайн платформалар адамдарға ешқандай шектеусіз ойын процесіне оңай қосылуға мүмкіндік беріп жүр. Осы контексте, әсіресе, әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникациялардың рөлін атап өту қажет. Бұл платформаларда әртүрлі құмар ойын түрлері белсенді түрде насихатталып жүр, лезде жетістікке жетіп, тез ақша табу идеясын алға тартылып жүр. Лутбокстар, микротранзакциялар және әлеуметтік ойындардағы геймификация күнделікті бос уақыттың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Бұл адамдарда материалдық игіліктерге жеңіл жолмен қол жеткізуге болады деген жалған түсінік қалыптастырып, уақыт өте келе тәуелділікке айналуы мүмкін әдеттерді қалыптастырады.

«Әрине, егер ешқандай өзгеріс енгізілмесе, интернет лудоманияның өсуіне ықпал ете береді. Әлеуметтік желілердегі негативті ақпарат тарататын қауымдастықтар мен онлайн ойындардың қолжетімділігі үлкен қауіп тудырып отыр».

Консалтингтік компанияның бас директоры

«Қазіргі заманғы технологиялар құмар ойындарға қолжетімділікті едәуір жеңілдетіп жіберді. Адамдар ойын процесін бос уақытты өткізу тәсілі ретінде қабылдайды, бірақ ойын тәуелділікке айналуы мүмкін екенін түсіне бермейді. Құмар ойындардың қолжетімділігі артқан сайын, бұл мінез-құлық «норма» ретінде қабылдана бастайды. Бұған агрессиялы маркетинг пен жарнама да ықпал етеді. Сондықтан, егер ешқандай саяси немесе мемлекеттік шара қабылданбаса, жақын арада бұл мәселеге тартылған адамдар саны тек арта береді».

Психиатр, Ақпараттық-талдамалық мониторинг орталығының жетекшісі, еңбек өтілі – 21 жыл

«Популяризация, геймификация және әлемдегі жалпы экономикалық тұрақсыздық. Бәрі онлайн құмар ойындар форматына көшіп жатыр және көше бермек».

Психолог, еңбек өтілі – 5 жыл

Экономикалық дағдарыс жағдайлары мен әлеуметтік белгісіздіктің артуы халықтың құмар ойындарға деген тәуелділігінің кеңеюі қаупін арттырады. Құмар ойындар қиын жағдайдан шығудың бірден-бір шешімі сияқты көрініп, адамдар үшін тартымды бола бастайды, ал, шын мәнінде, бұл мәселені тек ушықтырып жібереді. Кәсіби және әлеуметтік машықтардың жетіспеушілігі де адамдарды нақты мәселелерді шешудің орнына ойындардан эмоциялық қанағат іздеуге итермелейді.

«Стресс, әлеуметтік теңсіздік және белгісіздік жағдайында адамдар шынайылықтан қашудың жеңіл жолын іздейді. Ал сондай ортаға не айналды? Дұрыс, ойындар, алкоголь, есірткі».

Терапевт, аддиктолог, еңбек өтілі – 10 жыл

Поп-мәдениет пен медиа құмар ойындарды жиі романтизациялап, оларды тез табысқа жету жолы ретінде көрсетуі лудоманияның танымалдығының

өсуіне ықпал етеді. Бұл қатаң бақылау мен заңнамалық шаралардың болмауымен ұштасқанда ойын индустриясының өркендеуіне мүрсат беріп, құмар ойындардың қалыпты әрі тартымды екені туралы иллюзия қалыптастырады.

Технологиялар мен виртуал әлемдердің дамуымен виртуал ойын-сауық пен технологияларға тәуелділік жаңа, күрделі және көпқабатты тәуелділік түріне айналуы мүмкін. Қазірдің өзінде көп адам цифрлық әлемнен жұбаныш іздеп жүр және бұл үрдіс жалғаса берсе, технологиялар мен виртуал шынайылыққа тәуелділік болашақта қоғам үшін басты сынаққа айналуы мүмкін.

«Менің ойымша, қазіргі уақытта жалғыздық факторы, адамдардың бөлінуі және сенімнен қорқу күшею себебінен лудомания тәуелділік ретінде қарқын алып жатыр. Қазіргі заманғы адамның құндылықтары – бұл «жылдам, биік, күшті». Нарциссизмге бейім қоғамды жеке жетістіктерге, сыртқы табысқа және айналадағы адамдардың мойындауы

мен таңданысына негізделген өзін-өзі бағалауға баса назар аударылатын қоғам ретінде сипаттауға болады».

Психолог, еңбек өтілі – 7 жыл

Қазақстанда лудомания жақын арада реттеу мен ақпараттандыру бойынша шаралар қабылданбаса, болашақта пайда болатын кең ауқымды тәуелділіктердің бір бөлігі ғана болады. Бұл жағдай заңнамалық, денсаулық сақтау және білім беру деңгейінде белсенді шаралар қабылданбаса, одан әрі ушығып кетуі мүмкін. Тәуелділіктің алдын алуға және емдеуге бағытталған кешенді көзқарас болмаса, лудоманиядан зардап шегетін адамдар санының өсуі жалғаса береді деуге болады. Адамдар әлеуметтік стресс жағдайында, әсіресе, оқшаулану мен сенімсіздік сезімі күшейген кезде «шынайы өмірден қашып», онлайн ойындардан, әлеуметтік желілерден және виртуал әлемдерден жиі жұбаныш іздейтін болады.

ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН СҰХБАТ

Портрет

Жүргізілген сұхбаттар барысында лудоманның шартты портретін құруға көмектесетін бірнеше негізгі сипаттама анықталды. Жиналған дерек осы құбылысты толық түсіну үшін одан әрі ғылыми талдауды және тереңірек пәнаралық зерттеуді талап етеді.

Жынысы. Лудомандар арасында ерлер (90%) айтарлықтай басым, бұл тек биологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік факторлармен, оның ішінде қоғамдағы әйелдерді стигматизациялаумен түсіндіріледі. Әйелдердің құмар ойындарға тәуелді болуы көбінесе табу ретінде қабылданады, бұл олардың ашықтығын, диагностика мен көмек алуға қолжетімділігін төмендетеді.

Этносы. Лудомандардың басым бөлігі қазақ этностық тобының өкілдері, бұл елдің халқы арасында қазақтардың демографиялық ерекшеліктерімен және сандық басымдығымен байланысты.

Жасы. Лудоманның орташа жасы – 29 жас. Бұл құмар ойындарға тәуелділер арасында аудиторияның айтарлықтай жас екенін көрсетеді. Ең жас ақпарат беруші – 20 жаста, ал ең үлкені – 49 жаста. Респонденттердің көбі мектеп жасында ойнауды бастағанын айтқан, бұл жасөспірім жаста тәуелділіктің жоғары даму қаупін көрсетеді.

Білімі. Лудомандар арасында жоғары білімді адамдардың басымдығы (71,7%) олардың жоғары когнитивтік белсенділігін және өз күшіне деген сенімділігін көрсетуі мүмкін. Бұл адамдар

құмар ойындарды интеллектуалдық сынақ ретінде қабылдап, «жүйені жеңе алатыны» туралы иллюзия жасайды. Мұндай жоғары сенімділік пен тәуелділікті түсінбеу ойын ауруының дамуының катализаторы болады.

Отбасы жағдайы. Респонденттердің көбі некеде немесе бұрын некеде болған (56%-дан астам) және балалары бар, бұл оңалту процесінде әлеуметтік және отбасылық қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Отбасы мүшелері көбінесе тәуелділікке бейімделіп, оңалту бағдарламаларына белсенді қатысады, лудомандарға тәуелділікті жеңуге көмектеседі.

Экономикалық жағдайы. Көптеген ақпарат берушіде тұрақты табыс көзі болған, бұл тәуелділік пайда болған кездегі олардың белгілі бір әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығын көрсетеді.

Оңалту географиясы. Респонденттердің көбі емдеуді Астана мен Алматы сияқты ірі қалаларда өтуді жөн көреді. Бұл олардың тұратын өңірлерінде арнаулы оңалту бағдарламаларының болмауымен немесе анонимдікті сақтауға және қоғамдық айыптаудан аулақ болуға деген ұмтылыспен байланысты болуы мүмкін.

Жалпы, лудоманияға қатысты ұсынылған орташа деректер мәселенің көптеген түпкі себебі бар екенін көрсетіп отыр. Бұл құмар ойындарға тәуелділік мәселелерін шешуге тек медициналық емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және білім беру шараларын қамтитын кешенді көзқарастың қажет екенін баса көрсетеді.

ЛУДОМАНДАРМЕН ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН СҰХБАТ: ПОРТРЕТ



90%-ы ерлер
10%-ы әйелдер



90%-ы
қазақ этникалық
тобының өкілдері



20 ЖАС ең жасы
29,7 ЖАС орташа жас
49 ЖАС ең үлкені



71,6%-ЫНЫҢ жоғары білімі бар
20% -ЫНЫҢ арнаулы орта білімі бар



43,3%-ы үйленбеген/
тұрмыс құрмаған
33,3%-ы некеде және
балалары бар
20%-ы ажырасқан



43,3%-ы
тұрғылықты қаласында
емдеуден өтуде
56,6%-ы
басқа қалалардан
келгендер




Құмар ойындарға патологиялық әуестік

Қазақстандағы лудомания мәселесі әлі күнге дейін өте өзекті және жеткілікті түрде зерттелмеген болып отыр. Елде аддиктологияны зерттеуге бағытталған ғылыми базаның, сондай-ақ ойынға тәуелділікке қарсы күресуге арналған арнаулы білім беру және бағдарламалық шешімдердің болмауы жүйелі зерттеулер жүргізуді және, соның нәтижесінде, ойынға тәуелділіктің алдын алуды айтарлықтай қиындатады. Нәтижесінде Қазақстанда ойынға тәуелділік мәселесін шешуге кешенді көзқарас үшін қажетті

кіндік береді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері ойынға тәуелділіктің дамуына әсер ететін факторларды тереңірек түсінуге және диагностика, профилактика және оңалтудың қолданыстағы жүйелерін жетілдіру үшін тиімді стратегияларды әзірлеуге ықпал етуі мүмкін.

Сұхбаттар елдің бірнеше ірі қаласында жүргізілді: Астанадан – 28 респондент, Алматыдан – 24, Шымкенттен – 5 және Павлодардан – 3. Алайда барлық ақпарат беруші көрсетілген өңірлердің тұрғындары болмаған, олардың көбі басқа облыстардан келген.

1-сурет. Өңірлік өкілдік



практикалық және теориялық білімнің жетіспеушілігі байқалады.

Қазақстандағы лудомания феноменін және оның пайда болуына ықпал ететін факторларды зерттеу мақсатында «ойынға патологиялық тәуелділік» диагнозы қойылған адамдармен 60 тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында барлық респонденттер емдеу процесінде немесе жеке орталықтарда оңалтуды аяқтаған кезеңде болды. Бұл орталықтарда ойынға тәуелді пациенттерге мамандандырылған көмек көрсететін психологтар мен аддиктологтар жұмыс істейді.


Бұл әдіснамалық тәсіл ойынға тәуелділікке шалдыққан адамдардың жағдайы туралы нақтырақ ақпарат алуға, сондай-ақ жеке оңалту орталықтары жағдайындағы емдеу ерекшеліктерін анықтауға мүм-

Оңалту бағдарламасына қосылу процедурасына қатысты әр орталыққа жүгінген пациент бірінші кезеңде міндетті түрде тест тапсырып, жеке әңгімелеседі. Консультациялардың негізгі мақсаты – тәуелділікті диагностикалау және оның кезеңдерін анықтау. Алынған деректер негізінде емдеу бағдарламасы әзірленеді, ол әртүрлі нұсқаны қамтуы мүмкін: үш айлық немесе жеті айлық курстар, сондай-ақ сәтсіздікке ұшыраған жағдайда қайталама оңалту.

Респонденттердің көпшілігі (73,3%) үшін бұл орталыққа алғаш жүгіну болғанын атап өткен жөн. Сонымен бірге сауалнамаға қатысқандар арасында бірнеше рет көмекке жүгіну жағдайлары да кездескен. Мысалы зерттеуге қатысушылардың бірі 9 рет емделуден өткенін хабарлады. Сондай-ақ кейбір пациент емдеу курсы аяқтағанымен, оңалту бағдар-

ламасын толық аяқтамаған жағдайлар да тіркелген. Бұл емдеудің ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етуде және оңалтудың тұрақты нәтижелерін қолдауда проблемалардың бар екенін көрсетеді.

№11 диаграмма. Оңалту кезеңдері, %



Емдеу курсы аясында аддиктологтар мен психология және медицина саласындағы басқа да мамандар пациенттерге дәрістер оқыды. Бұл сабақтар қатысушыларды ойынға тәуелділіктің теориялық аспектілерімен, соның ішінде оның ықтимал пайда болу себептерімен, даму механизмдерімен және пайда болуына ықпал ететін факторлармен таныстыруға бағытталған. Мамандар тәуелділіктің биологиялық, психологиялық және әлеуметтік аспектілерін егжей-тегжейлі түсіндіріп, пациенттерге олардың мәселесінің табиғатын жақсырақ түсінуге және оңалту процесінде кешенді тәсілдің маңыздылығын ұғынуға көмектеседі.

Лудомандар құмар ойындарға тәуелділік қашан пайда бола бастағанын нақты анықтай алмайды, бірақ көп жағдайда мүмкін болатын себеп ретінде отбасылық мәселелер жиі аталады. Тәуелділіктің бастапқы кезеңдерінде олардың көпшілігі бұл мәселені жақындарынан және таныстарынан сәтті жасыра білген. Алайда үлкен қарыздардың жиналуымен және банктерден қоңыраулар түсе бастаған кезде, жақындары жағдайдың ауырлығын түсініп, оңалту орталықтарының қызметін ұсыну арқылы көмектесуге тырысады. Емдеудің оң нәтижесі тек лудоманның өзі қалпына келтіру процесін бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда ғана мүмкін болатынын айта кеткен жөн.

Сонымен бірге лудоманияға шалдыққан адамдардың көпшілігі құмар ойындармен байланысты проблемалардың бар екенін ішінара түсінген, бірақ оңалту орталығына жүгінгенге дейін өз тәуелділігін мойындамаған. Мәселені түсіну кезеңінде көптеген респондент қарсылық пен жоққа шығаруды сезінген, бұл тәуелділік жағдайларына тән ерекшелік. Осы

құбылыс мәселені азайту немесе мінез-құлықтың бақыланатындығына сену сияқты психоэмоциялық қорғаныс механизмдерімен байланысты, бұл тәуелділікті мойындауды қиындатады. Оңалту орталығына жүгіну мәселені түсіну және қабылдау процесінде маңызды сәтке айналады, яғни қалпына келтіру және оңалтудың жолын одан әрі ашады.

«Тәуелділігімді тек оңалту орталығына келгенде ғана түсіндім. Алғашқы консультация есімде. Маған түсіндіріп, айтып жатыр, сосын фактілермен дәлелдеп, ұқсастықтарды көрсетті. Бірақ бәрібір қабылдау жоқ. Тек сол оңалту орталығында ғана менің ойынға тәуелділігім бар екенін, менің лудоман екенімді түсіне бастадым. Бұған дейін, бейнелеп айтқанда, өзімді “иллюзиялармен” алдадым, лудомандар үйлерін кепілге қоятын, көліктерін сататын немесе миллиондаған қарызы бар адамдар деп ойладым».

**Ер адам, Астана, 21 жаста,
ойнау тәжірибесі – 8 жыл**

Орта есеппен лудомандар өзінде тәуелділік бар екенін және оның, бәлкім, өмір бойы сақталатынын түсіну үшін 2-ден 8 айға дейін уақыт жұмсаған. Бұл кезең көбінесе өз мәселесінің ауырлығын және оның ұзақмерзімді салдарын біртіндеп түсінумен байланысты. Осы процестегі маңызды кезең – тәуелділіктің жай ғана уақытша әуестік емес, өзіңмен тұрақты жұмыс істеуді талап ететін созылмалы жағдай екенін ұғыну. «Сіз тәуелділікті қалай түсінесіз?» деген сұраққа респонденттер былай жауап берді:

«Мен үшін тәуелділік – шынайылықтан қашақтау. Маған жайсыз болса, осы шынайылықтан есірткі, алкоголь немесе ойын арқылы қашуға тырысамын. Менің жағдайымда, негізінен, бұл ойын, өйткені менің тәуелділігім ойынға байланысты».

**Ер адам, Астана, 28 жаста,
ойнау тәжірибесі – 12 жыл**

«Тәуелділік мен үшін – түрлену. Балалық шақтағы жарақаттардың түрленуі, олар әсер етеді».

**Ер адам, Астана, 24 жаста,
ойнау тәжірибесі – 8 жыл**

«Ауру. Емделмейтін ауру».

**Ер адам, Астана, 29 жаста,
ойнау тәжірибесі – 14 жыл**

Респонденттердің бәрі дерлік оңалту орталығына мәжбүрлі түрде, өздерінің «түбіне» жеткеннен кейін келгенін атап өтті. Әркім бұл жағдайды өзіне тән етіп сипаттайды, бірақ көпшілігі үшін ортақ бірнеше типтік сезім бар. Лудомандар өз жағдайын көбінесе жақындарының қолдауын жоғалту, балалар мен ата-аналардың алдында ұят сезіну, сондай-ақ өзін-өзі кінәлау (мысалы, «мен ақымақпын», «қалай ғана осылай жасадым») сияқты сипаттайды. Респонденттердің көпшілігі жұмысынан айырылған, айтарлықтай қарыз жинаған, коллекторлардың қудалау объектісіне айналған, ал кейбіреуі өз-өзіне қол жұмсау туралы ойларға бой алдырған немесе тіпті мұндай әрекетке барған.

Көп жағдайда жақын туыстары (ата-аналар, бауырлар, жұбайлары) мәселенің тек қарыздар мен несиелер сияқты қаржылық қиындықтарда ғана емес, терең ойынға тәуелділікте екенін түсінген. Алайда олар тәуелді адамға жағдайдың барлық ауырлығын жеткізе алмаған. Жақындары психологтардың консультациялары немесе діни қауым өкілдерімен әңгімелесу арқылы көмек ұсынуға тырысқан. Лудомандар мұндай көмекті қабылдағанымен, көп ұзамай қайта ойынға оралатын, өйткені бұл тәуелділіктің негізгі мәселесін шешпейтін еді.

Қаржылық қолдау тоқтаған кезде тәуелді адам ойынның салдарымен бетпе-бет қалып, шынайылықпен кездесетін. Бұл жағдай оларды «түпке» – мәселе төзгісіз болып, шұғыл араласуды қажет ететін күйге әкелген. Осындай сәттерде тәуелділер көбінесе оңалтуға келісетін болған. Кейде бұл өз бастамаларымен жүзеге асқан, бірақ көбінесе жақындарының кеңесімен болған. Мұндай жағдайларда олар туыстарымен бірге сәйкес оңалту орталығын тауып, емдеуді төлеп, оңалту курсынан өтуге кіріскен, өз өмірлерін жақсартуға үміттенген.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көбі үшін өзінің тәуелділігін түсіну процесі тек оңалту орталықтарына жүгінгеннен кейін басталады. Тәуелділер ұзақмерзімді жоққа шығару және қарсылық кезеңдерінен жиі өтеді. Тек қиын жағдайға тап болғаннан кейін ғана олар мәселенің ауырлығын және араласу қажеттілігін түсіне бастайды. Респонденттердің айтуынша, бұл тәуелділікті түсіну трансформациясы айтарлықтай уақытты (2-ден 8 айға дейін) талап етеді және сәтті оңалтудың негізіне айналады.

Сондай-ақ зерттеу нәтижелері жақын туыстары өз жақындарының ойынға тәуелділігін жиі байқап, оны тәуелді адамға жеткізуде қиындықтарға тап

болатынын анықтады. Көп жағдайда мамандардың консультациялары немесе діни практикалар арқылы көмек көрсетуге әрекеттер ұзақмерзімді нәтижелерге әкелмейді. Бұл оңалтудың неғұрлым кешенді және тұрақты әдістерін қолдану қажет екенін көрсетеді. Емдеудің нәтижелі жолының басты факторы – тек медициналық көмек емес, сонымен бірге отбасының қолдауы, оңалту процесіне қатысуға дайындық және емдеуге төлеу үшін қаржылық көмек көрсету.

Тәуелділердің әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы

Лудомания немесе құмар ойынға тәуелділік – адам өмірінің әртүрлі аспектісіне әсер ететін маңызды психоәлеуметтік мәселе. Кейінгі жылдары осы тәуелділіктің салдары барған сайын айқын көрініс тауып, ғылыми қауымдастықтар мен денсаулық сақтау және әлеуметтік жұмыс саласындағы мамандардың назарын көбірек аударып келеді. Лудоманияның пайда болуына ықпал ететін факторларды және тәуелді адамдардың сипаттамасын зерттеу аса маңызды, өйткені бұл алдын алу және емдеудің неғұрлым тиімді әдістерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда лудомания әртүрлі жас тобындағы адамдарға әсер етеді, алайда жеке тұлғалылығын және кәсіби мансапты қалыптастыру кезеңіндегі жастар әсіресе осал болып табылады. Мәселе айқын әлеуметтік және мәдени аспектілерге, сондай-ақ кейбір отбасылық ерекшеліктерге ие. «Ойынға патологиялық тәуелділік» диагнозы қойылған адамдармен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелері бойынша келесі әлеуметтік-экономикалық сипаттамалар анықталды.


Жасы. Осы тәуелділікке шалдыққан адамдардың жас құрылымын талдау жастардың айқын басымдығын, яғни нақты мына жас тобының лудоманияның даму қаупіне жоғары бейімділігін көрсетеді. Ең жас респондент – 20 жаста, ал ең үлкені – 49 жаста. 26–30 жас аралығындағы жас санаты респонденттердің ең үлкен үлесін құрайды – 35%. Бұл тәуелділік көбіне адамның белсенді әлеуметтік және кәсіби қалыптасу кезеңінде, жоғары жүктемелерге, стресс пен өзін-өзі дәлелдеуге деген ұмтылысқа тап болған уақытта қалыптасатынын көрсетеді.

Өз кезегінде, 20–25 жас аралығындағы адамдардың айтарлықтай бөлігі (30%) осы жас тобының жоғары осалдығын көрсетеді. Өйткені бұл жасөспірім кезеңі мен ересек өмірдің басталуы-

ның тоғысқан кезеңі саналады. Бұл жаста жастар жиі түрлі демалыс және әлеуметтену формаларын сынап көреді, яғни олардың құмар ойындар сияқты қауіпті және деструктивті әрекеттерге тартылу ықтималдығы артады.

31–34 жас (21,7%) және 35–49 жас (13,3%) сияқты неғұрлым жетілген жас топтары арасында лудоманияның таралуы аз байқалады. Дегенмен деректер тәуелділіктің үлкен жаста да дамуы мүмкіндігін жоққа шығармайды, бұл жас ұлғайған сайын тәуекелдің төмендегенін, бірақ толық жоғалмағанын көрсетеді. Жалпы алғанда жас топтары арасындағы тәуелділік деңгейінің айырмашылықтары әлеуметтік-экономикалық жағдай, жеке өмір және психоэмоциялық күй сияқты көптеген фактормен түсіндірілуі мүмкін.


№12 диаграмма. Жасы, %



Жынысы. Ойынға тәуелділікке шалдыққан ерлердің саны әйелдер санынан айтарлықтай көп және 90%-ды құрайды, ал әйелдер үлесі – 10% ғана. Бұл бұзылыстың таралуындағы айқын жыныстық асимметрияны көрсетеді. Мұндай қатынас бірнеше факторлармен, оның ішінде әйелдердің оңалту бағдарламаларына қолжетімділігін шектейтін әлеуметтік және мәдени кедергілермен түсіндірілуі мүмкін. Әйелдер көбінесе отбасы мен қоғам тарапынан жеткіліксіз қолдауға, сондай-ақ көмекке жүгіну және емдеуден өту мүмкіндігін қиындатын қаржылық және эмоциялық қиындықтарға тап болады. Бұл мәселелер қалпына келтіру жолында қосымша кедергілер тудырып, әйелдердің тәуелділікті жеңу және оның салдарын азайту мүмкіндіктерін шектейді.


Білімі. Лудомандардың 71,7%-ы жоғары білімге ие, 20%-ы арнаулы орта білім алған, ал тек 8,3%-ының жоғары білімі аяқталмаған. Сауалнамаға қатысқан көп адам мектеп жылдарында жақсы үлгерім көрсетіп, қосымша секциялар мен үйір-

№13 диаграмма. Жынысы, %



мелерге белсенді тартылғанын атап өткен. Бұл олардың өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы мен оқу саласындағы жоғары белсенділігін көрсетеді. Деректер құмар ойынға тәуелділік әрдайым төмен білім деңгейімен немесе интеллектуалдық қабілеттердің жетіспеушілігімен байланысты емес екенін көрсетеді. Керісінше лудомания жоғары әлеуетке ие адамдарда да дамуы мүмкін, бұл бұзылыстың күрделілігі мен оның көпфакторлы сипатын айқындайды.


№14 диаграмма. Білімі, %



Отбасы жағдайы. Сауалнамаға қатысқандардың 63,3%-ы некеде емес немесе ажырасқан, және олардың көбі бұл жағдайды өздерінің тәуелділігімен байланыстырады. Лудомандардың көпшілігі тұрақты қарым-қатынас құруға қабілетсіз екенін және олардың ойын мінез-құлқы айналасындағыларға проблемалар туғызатынын түсінген. Қарыздарды және несиелерді өтеуге деген ұмтылыс оларда үмітсіздік пен жалғыздық сезімін күшейтіп, жағдайды нашарлата түскен. Нәтижесінде лудомандардың айрықша белгілерінің бірі – олардың жалғыздыққа бейімділігі: олар жиі қарым-қатынастан және айналасындағылармен араласудан қашқақтайды. Бұл ішкі жайсыздықпен, ұят сезімімен және өз мінез-құлқына деген кінәмен байланысты болуы мүмкін.


Сонымен бірге қатысушылардың 33,3%-ы некеде екенін көрсетті. Алайда олардың әйелдерінің аз бөлігі некеге тұрғанға дейін күйеулерінің тәуелділігі туралы хабардар болған. Оңалту процесінде көптеген жұбайлар тәуелділердің ата-аналары өтетін тәуелдестілік бойынша курстан өткені де маңызды ақпарат саналады. Бұл курс қиын сәттерде әйелдерге қолдау көрсетуге, қайтадан ойынға тәуелділік белгілерін анықтауға және стрессті тиімді басқаруға үйретуге бағытталған.

№15 диаграмма. Әлеуметтік жағдайы, %



Қызықты байқау ретінде лудомандар арасында «ортаңғы балалар» сирек кездесетіні анықталды – олар көбінесе отбасындағы үлкен немесе кіші ұлдар болып табылады. Ал олардың бауырлары мен әпке-қарындастары мұндай тәуелділіктерді иеленбеген. Бұл отбасы динамикасының және баланың отбасындағы рөлінің тәуелділіктердің дамуына ықпалы барын көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар лудомандардың отбасылары көбінесе деструктив болып келеді: ата-аналарының әртүрлі тәуелділіктерге, әсіресе алкогольге тәуелділігі болуы мүмкін немесе олар тым қатаңдық пен талапшылдық танытуы ықтимал. Отбасындағы мұндай жағдайлар балаларда шынайылықтан қашу сияқты теріс мінез-құлық үлгілерінің дамуына ықпал етуі мүмкін.

№16 диаграмма. Отбасы динамикасы, %



Бұл өз кезегінде лудомандардың нақты әлем мен оның мәселелерінен қашуға деген ұмтылысын күшейтеді.

Кәсіби жүзеге асу. Оңалтудан өткен сұхбат қатысушыларының көпшілігі жұмысынан шығып кеткен, алайда олардың кейбірі ұзақ үзілістен кейін қайта оралуға ниет білдіруде. Сонымен бірге олар өздерінің қалпына келу процесі туралы ақпаратты жария етпеуді және бұрынғы жұмыс орнына оралмауды жөн көреді. Керісінше, көптеген респонденттер болашақта оңалту саласында қалып, басқа тәуелді адамдарға көмектескісі келетінін айтты. Бұл олардың өз тәжірибесін ұқсас жағдайға тап болған адамдарды қолдау үшін пайдалануға деген ұмтылысын көрсетеді.

Сауалнамаға қатысқан лудомандардың 18,3%-ы құрылыс және өнеркәсіп саласында, 13,3%-ы қаржы секторында жұмыс істейді немесе жұмыс істеген, 11,7%-ы мемлекеттік қызметкерлер, фрилансерлер немесе кәсіпкерлер, ал 10%-ы – әлеуметтік сала өкілдері. Бұл деректер лудомандар жұмыс істейтін немесе жұмыс істеген кәсіби салалардың алуантүрлі екенін көрсетеді. Тәуелділіктің барына қарамастан олардың түрлі еңбек дағдылары мен тәжірибесі бар, бұл олардың әртүрлі салаларда жұмыс істеуге қабілетті екенін айқындайды. Құмар ойындарға тәуелділік кәсіби жүзеге асуға кедергі болмайтынын, дегенмен, оны жеңу үшін едәуір күш-жігер болуы қажет екенін айта кеткен жөн.

№4 кесте. Кәсіби қызмет саласы, %

Сала	%
Құрылыс және өнеркәсіп	18,3
Қаржы секторы	13,3
Мемлекеттік қызмет	11,7
Бизнес, кәсіпкерлік	11,7
Өзін-өзі жұмыспен қамту, фриланс	11,7
Әлеуметтік сала (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет)	10,0
Қызмет көрсету саласы	8,3
Жұмыссыздар	8,3
IT саласы	3,3
Заңтану	3,3

Респонденттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзіндік ерекшеліктері бар. Зерттеуге ай сайынғы құны 100–500 мың теңге болатын және ұзақтығы 3–8 айды құрайтын жеке клиникаларда

емделуге мүмкіндігі бар адамдар қатысты. Бұл жеке орталықтарда емделу белгілі бір әлеуметтік топтар үшін шектеулі болуы мүмкін екенін көрсетеді. Осы фактіні алынған деректерді түсіндіру кезінде ескеру қажет.

Жалпы алғанда зерттеу нәтижелері лудомания адамның өмірінің әртүрлі әлеуметтік және тұлғалық аспектілеріне әсер ететін көпқырлы мәселе екенін көрсетеді. Тәуелді адамдардың жас, жыныстық, білім, отбасылық және кәсіби құрылымына жүргізілген талдау бірнеше негізгі тұжырымдарды айқындауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен лудомания көбінесе 20–30 жас аралығындағы жастарды қамтиды. Бұл құбылыс тұлғаның белсенді әлеуметтік және кәсіби қалыптасу кезеңімен байланысты болуы мүмкін, осы кезде психоэмоциялық жүктеме артып, стресс факторлары көбейіп, өзін-өзі дәлелдеу қажеттілігі күшейеді. Өтпелі кезеңде өмірлік мәселелерді конструктивті шешуге қажетті жетілу деңгейінің жеткіліксіздігі жастарды тәуелді мінез-құлыққа, соның ішінде құмар ойынға көбірек бейім етеді. Ересек жасқа келгенде тәуелділік деңгейінің төмендеуіне қарамастан, тәуелділік қаупі толығымен жойылмайды, бұл ерте араласу мен алдын алудың қажеттілігін көрсетеді.

Жыныстық және отбасылық құрылымға жүргізілген талдау лудоманияның негізінен ер адамдарды қамтитынын көрсетті, бұл қоғамның әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Отбасылық динамика тәуелділіктің дамуына айтарлықтай әсер етеді, өйткені ата-аналардың тәуелділігінің болуы немесе қатаң тәртіп сияқты деструктив отбасылық қарым-қатынастар балаларда жағымсыз мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруы мүмкін.

Құмар ойынға тәуелділік тек білім деңгейі төмен адамдармен шектелмейтіні де маңызды факт болып отыр. Сауалнамаға қатысқан лудомандардың көпшілігі жоғары білімге ие. Кәсіби салада тәуелділер әртүрлі жұмыс тәжірибесіне және машыққа ие, бұл олардың кәсіби компетенциясының кең ауқымын көрсетеді. Сонымен бірге экономикалық жағдайы мен тәуелділіктің болуы арасында нақты байланыс анықталмаған. Дегенмен лудомания қаржылық тұрақтылыққа зиян келтіріп, әлеуметтік байланыстарды бұзады және мансаптық өсуге кедергі жасайды.

Осылайша, лудомания – күрделі бұзылыс, оны жеңу тек уақтылы араласу және тәуелді адамның қалпына келтіру процесіне белсенді қатысуы

арқылы мүмкін болады. Оңалтудың негізгі аспектісі қаржылық жағдайды қалпына келтіруді, әлеуметтік бейімделуді және жеке қарым-қатынастарды нығайтуды қамтитын кешенді тәсіл. Сонымен қатар оңалтудан өткен кейбір бұрынғы тәуелділер басқаларға көмектесу саласына оралуды қалайды. Бұл олардың жеке тәжірибесінің құндылығын көрсетеді, әрі ұқсас мәселелерге тап болғандарға қолдау мен көмек көрсету үшін ресурс бола алады.


Ойын динамикасы

Құмар ойынға араласқанға дейін сауалнамаға қатысқан лудомандардың көпшілігінің өмірі тұрақты және сәтті болған. Балалық және жасөспірім шақтарында олар жоғары академиялық жетістіктерге жетіп, спортпен белсенді айналысқан, ал кейбіреулері осы салада мансап құруды жоспарлаған. Олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақты болған, ал ата-аналары қызығушылық таңдауда шектеу қоймаған. Алайда сыртқы сәттілікке қарамастан, ата-аналардың балаларының өміріне эмоциялық қатысуы жиі жеткіліксіз болған. Бұл олардың осалдықтарын қалыптастырып, өзін-өзі дәлелдеудің балама көздерін, мысалы, құмар ойынды іздеуге ықпал етті.

Көп адам құмар ойынға алғаш рет жасөспірім кезінде орта есеппен 15–16 жасында қатысқан. Бұл көбінесе ойын автоматтары немесе букмекерлік кеңселерде тігіс қоюмен байланысты болған. Осы кезеңде құрдастардың, атап айтқанда сыныптастар мен ересек жасөспірімдердің, сондай-ақ ойын тәжірибесі бар оң әсерлерімен бөліскен туыстардың (бауырлар, әпкелер, ата-аналар) ықпалы айтарлықтай болған. Құмар ойындар әлеуметтік белсенділіктің бір бөлігі ретінде қабылданған, ал жеке әл-ауқатқа қауіп ретінде қарастырылмаған. Нәтижесінде көпшілігі осы мінез-құлықпен байланысты қауіп-қатерлерді түсінбей, тәуелділіктің жойқын салдарын болжай алмаған.

Алғашқы тігіс қоюды орташа есеппен 18 жастағылар жасаған. Бұл кәмелетке толу және құмар ойынға кеңірек қолжетімділікпен байланысты болуы мүмкін. Алайда ерте жастан араласу жағдайлары да сирек емес: респонденттердің арасында 10 жасар балалар да кездескен, ал алғашқы тігісті жасаған ең ересек адам 30 жастағы ер адам болған. Ерте ойын тәжірибесі тәуелділіктің одан әрі дамуында шешуші рөл атқарады. Бұл құмар ойындардың табыс көзі немесе эмоциялық қанағаттанудың көзі бола алатынына деген сенімді қалыптастырады.

№17 диаграмма. Ойын әрекетінің басталу жасы, %



Сұхбат нәтижелері бойынша құмар ойынға әуестенудің жалпы сценарийін бөліп көрсетуге болады. Бұл тәуелділіктің қарқынды дамуы мен өмірдің әлеуметтік, қаржылық және психологиялық салаларында айтарлықтай өзгерістермен сипатталады. Осы процесс өзіндік ерекшеліктер мен салдарға ие бірнеше негізгі кезеңдерден өтеді.

1. Бастапқы әуестену: құмар ойын-сауық және демалу тәсілі ретінде. Сауалнамаға қатысқан лудомандардың көпшілігі (70%) құмар ойындармен алғаш рет мектеп жылдарында танысқан. Бұл кезеңде тігістер әдетте аз мөлшерде және сирек қойылады. Құмар ойындар жиі спорттық жарыстар, достармен кездесулер немесе шәкіртақы алу сияқты маңызды оқиғаларға орай ұйымдастырылады. Ойындар күнделікті мәселелерден алаңдататын демалыс түрі ретінде қабылданып, бұл белсенділіктің айтарлықтай қауіп төндірмейтіні туралы пікір қалыптастырады. Алғашқы шағын жеңістер маңызды эмоциялық тәжірибе болып, сәттілікті қайталауға деген ұмтылысты күшейтеді.

2. Қызығушылықтың кеңеюі: қаржылық тәуелсіздік және ортаның әуестенуі. Студенттік жылдарға өту және еңбек қызметінің басталуымен құмар ойынға деген қызығушылық дербес табыс пайда болғандықтан қайта жанданады немесе күшейеді. Осы кезеңде ойыншылардың айналасы да кеңейіп, құмар ойынға қызығушылық білдіретін адамдармен байланыс артады. Ойыншылар басқа демалыс түрлерінен алуға қиын ерекше эмоциялық тәжірибелерді сезінеді. Құмар ойындар әлеуметтік белсенділіктің бір бөлігіне айналып, әрбір лудоманда дерлік құмар ойынға тартылған әріптес немесе таныс пайда болады. Бұл тәуелділіктің әртүрлі кәсіби салада кең тарағанын көрсетеді.

3. Бақылау иллюзиясы: ірі жеңістер мен жеңілістер. Лудомандар айтарлықтай сома ұтқан кезде

өз күшіне және ойын процесін басқару қабілетіне деген сенімі пайда болады. Ірі жеңістерден кейін әдетте қысқа мерзімді үзіліс жасалып, ойыншылар ұтысының бір бөлігін шешіп алып демалуға тырысады. Алайда үлкен жеңіліс орын алса, тәуелділер несие ала бастайды және қайта ойынға оралып, тапқан ақшаларын жоғалтады. Жақындары тәуелділіктің барына күмәндана бастайды, бірақ ойыншылар олардың ескертулерін елемей, құмарлыққа тереңдей түседі. Кейбіреулері психологтарға немесе діни ұйымдарға көмекке жүгінеді, бірақ бұл елеулі жеңілдік әкелмейді.

4. Дағдарыс: қаржылық жағдайдың нашарлауы. Тәуелділік дамыған сайын лудомандар ауыр қаржылық және психологиялық проблемаларға тап болады. Эмоциялық күйзеліс немесе «тильт» жағдайы агрессияға және ойланбай жасалған әрекеттерге әкеледі. Бұл кезеңде қылмыстық белсенділіктің белгілері пайда бола бастайды: жеке құнды заттарды сату, жақындарын манипуляциялау, алдау және өтірік арқылы ойынды жалғастыру үшін ақша табу. Сирек жеңістерге қарамастан ойыншылар тоқтай алмайды және ұтылған ақшаларын қайтаруға тырысып, одан әрі қаржылық шығынға ұшырайды. Лудомандар манипуляцияның шеберлеріне айналып, тәуелділігі жиі жасырын болып қалады. Бұл мәселенің ауырлығын ұзақ уақыт бойы байқатпайды.

5. Құлдырау: оқшаулану, өзін-өзі төмендету және шығу жолын іздеу. Бұл кезеңде құмар ойынға тәуелділік адамның өмірін толықтай басып алады. Ол тамақтану, ұйқы және әлеуметтік қарым-қатынас сияқты негізгі қажеттіліктерді елемейді. Ойын енді ләззат көзі болмай, қажеттілікке айналады, бірақ өз бетімен тоқтау мүмкін емес болады. Кейбір лудомандар пәтерлер немесе қонақ үйлерде нөмірді жалдап оқшауланады, бар уақытын ойынға арнайды. Мазасыз ойлардан арылу үшін алкоголь немесе есірткіні пайдалану қосылуы мүмкін. Бұл кезең депрессиялық эпизодтарға әкелетін терең эмоциялық шаршау, өзін-өзі төмендету және агрессиямен сипатталады. Жақындары оңалту түрінде көмек ұсынып белсенді түрде араласа бастайды. Бірақ ойыншылар өздерінің жағдайынан тек екі шығу жолы барын түсінеді: оңалту немесе суицид.

Барлық респондент лудомания олардың өмірінің әртүрлі аспектісіне жойқын әсер еткенін атап өтті. Құмар ойындар физикалық және психологиялық жағдайдың айтарлықтай нашарлауына, әлеуметтік оқшаулануға, рухани дағдарыстарға және созылмалы күйзеліске әкелген. Тәуелділер

созылмалы шаршау, мазасыздық, депрессия және өмірге деген қызығушылықтың жоғалуымен жиі бетпе-бет келеді. Шынайылықтан үнемі қашу және деструктивті әдеттерге әуестену әлеуметтік бейімделудің нашарлауына алып келеді. Алайда барлық респондент оңалту орталықтарына жүгінгеннен кейін өздерінің физикалық және психологиялық жағдайының едәуір жақсарғанын атап өтті.

Құмар ойынға тәуелділіктің қалыптасу кезеңдері көптеген лудоман үшін ортақ болғанымен, олардың қарқындылығы мен ұзақтығы адамның психикалық жағдайына және құмар ойынның түріне байланысты өзгеруі мүмкін. Ойыншылардың құмар ойын түрлеріне қатысты таңдауы тәуелділіктің даму динамикасында басты рөл атқарады. Бұл оңалту және алдын алу стратегияларын әзірлеу кезінде ескерілуі маңызды.

Құмар ойындардың ең танымал түріне спорттық тігістер жатады. Бұл санат оқиғалардың кең таңдауы мен стратегиялық тәсілді қолдану мүмкіндігі арқасында көптеген ойыншыларды тартады. Онлайн-казино екінші орында тұр. Оның ішінде интернет арқылы қолжетімділігі мен платформалардың әртүрлі ұсыныстары арқасында үлкен танымалдыққа ие болған фриспиндермен ойындар да бар. Үшінші орында дәстүрлі казинолар мен карта ойындары орналасқан. Бұл ойындардың тартымдылығы ортақ тәжірибе жасап, эмоциялық әуестенуді күшейтетін атмосфераның шынайылығы мен әлеуметтік қарым-қатынас мүмкіндігінде болып отыр.

Ең аз танымал құмар ойындарға лотереялар мен ойын автоматтары жатады. Олардың қолжетімділігіне қарамастан, осы ойын түрлері аз аудиторияны тартады. Бұл олардың тартылу деңгейінің төмендігімен және шығындар тәуекелі жоғары болуымен байланысты. Мына ерекшеліктер оңалту стратегияларын әзірлеу кезінде лудомандардың таңдауларын ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Әрбір құмар ойын түрі тәуелділіктің дамуына әртүрлі әсер етуі мүмкін және емдеу мен алдын алу процесінде жеке тәсілді талап етеді.


Респонденттердің 56,7%-ы құмар ойындардың нақты түріне, атап айтқанда спорттық тігістер немесе онлайн-казиноға басымдық береді. Сауалнамаға қатысқандардың арасында ойын форматы маңызды емес адамдар да бар. Олар үшін бастысы – тігістер, казино ойындары немесе құмар ойындардың басқа түрлері арқылы белгілі бір сомада ақша алу мүмкіндігі. Бұл ойыншылардың уәждемесін профилактика және оңалту стратегияларын әзірлеу кезінде ескеру маңызды екенін көрсетеді.

№18 диаграмма. Құмар ойындардың танымалдылығы, %



Құмар ойындар формаларының әртүрлілігіне қарамастан ойыншыларды әрдайым шынайылықты бұрмалайтын белгілі бір иллюзиялар арқылы тартады. Бұл иллюзиялар ойын түріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін, бірақ барлығы нәтижеге бақылау жасау мүмкіндігін көрсету арқылы тәуелділікті күшейтеді. Сауалнамаға қатысқан лудоман-

№19 диаграмма. Ойын таңдаулары, %



дардың құмар ойын түрлерін қалай қабылдайтынын қарастырайық.

Спорттық тігістер иллюзиясы. Респонденттердің көпшілігі үшін спорттық тігістер бақылау иллюзиясымен байланысты. Ойыншылар талдау мен интуитив болжамдардың көмегімен «жүйені жеңе алатынына» сенімді. Спорт саласындағы, мысалы, футболдағы білімдері оларға сенімділік береді, ал тігіс қоюға дайындалу процесі ойыннан гөрі көбірек рахат әкеледі. Бастапқы кезеңдерде лудомандар ұзақ мерзімді оқиғаларға, атап айтқанда футбол матчтарына тігістер қояды. Бірақ тәуелділік дамыған сайын нәтижелері қысқа мерзімде белгілі болатын теннис сияқты жылдам тігістерге ауысады. Бұл кезеңде оқиғаның өзі маңызды емес, керісінше, тігістің өзі бақылау мен қанағат сезімін тудырады.

Казино иллюзиясы. Казино әуесқойлары өздерінің ерекшелігін және сәттілігін сезінуге ты-

рысады, бұл өз кезегінде мекеме жасайтын атмосферамен қолдау табады. Ойыншылар бақылау иллюзиясын күшейтетін алғашқы сәтті жеңістер жағдайында нәтижеге әсер ете алатынына сенімді. Олар ойын нәтижесі тек сәттілікке байланысты деп есептейді және «жаңадан келгендердің жолы болғыш» немесе «қазір жолым болмағанымен келесіде міндетті түрде жолым болады» деген сенімдермен қолдау табады. Казиноның тартымдылығына қарамастан көптеген респондент бұл ойындардың елеулі қаржылық шығындарды талап ететінін түсініп, олардың қолжетімділігін төмендетеді. Дегенмен қолжетімсіздік тек құмарлықты күшейтіп ойынды жалғастыруға деген құштарлықты арттырады.

Лотоматиктер мен лото иллюзиясы. Лудомандар өз тәуелділігін көбінесе шағын қаржылық салымдар елеулі ұтыстарға әкелуі мүмкін лотоматиктер мен лотодан бастайды. Алғашқы жетістіктер мен түсіп жатқан тиындардың дыбыстары жеңістің жеңілдігі мен қолжетімділігі иллюзиясын тудырып, ойыншыларды процеске тартады. Алайда респонденттердің бір бөлігі оларды манипуляцияға бейім деп есептеп ойындарға сенімсіздік білдіреді. Бұл осы ойын түрлерінің тартымдылығын төмендетеді және алдамшы сезім тудырады. Лото мен ойын автоматтарының жұмыс механикасына көңіл толмаушылық мұндай ойындарды әділетсіз немесе тіпті алаяқтық ретінде қабылдауға әсер етуі мүмкін.

Онлайн ойындар иллюзиясы. Онлайн ойындар лудомандарды жоғары «тартушылық» қабілеті мен қолжетімділігі арқылы баулайды. Тіркеудің қарапайымдылығы, бонустық ұсыныстар және қызықтыратын жарнамалық акциялар жеңіске жетудің оңай екенін сездіреді. Көптеген респондент ойынды жарнама көргеннен немесе стримерлер сияқты танымал тұлғалардың ұсыныстарынан кейін бастаған. Онлайн ойындар әсіресе жастар арасында танымал, ал Mellstroy сияқты жеңістерін көрсететін тұлғалардың ықпалы бұл тенденцияны күшейтеді. Ойыншылар жеңіске жету мүмкіндігі шынайы деп сенеді, бұл олардың қызығушылығын арттырып, тәуелділікті тереңдетеді.

Құмар ойындардың түрлі формасына қатысу кезінде туындайтын иллюзиялар тәуелділіктің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Осы иллюзиялар ойын мінез-құлқының күшеюіне және тәуелділіктің дамуына ықпал етеді. Аталған иллюзиялардың алдын алу және оңалту бағдарламала-

ры шеңберінде түсінілуі мен түзетілуінің маңыздылығы жоғары.

Зерттеу нәтижелері құмар ойынға әуестену көбінесе сыртқы игіліктерге қарамастан, әлеуметтік және эмоциялық оқшаулану жағдайында болатынын көрсетті. Көптеген респондент оқу мен спортта табысты болғанымен, ата-аналарының немесе жақындарының эмоциялық қатысуының жеткіліксіздігі қанағаттану мен өзін-өзі дәлелдеудің балама көздерін, мысалы, құмар ойындарды іздеуге себеп болған.

Құмар ойынға әуестенудің бастапқы кезеңдері әдетте минималды тігістермен және шектеулі қаржылық тәуекелдермен байланысты болады. Алайда тәуелділік дамыған сайын ойыншыларда бақылау иллюзиясы және құмар ойынды табыс көзі немесе эмоциялық қанағаттанудың құралы ретінде пайдалануға деген сенім пайда болады. Уақыт өте келе тәуелділік өмірдегі басты нәрсеге айналып, әлеуметтік, қаржылық және психологиялық тұрақтылықты бұзады.

